

**Стандартты радио,
Ықшам дискісі бар
стандартты радио,
Premium радиосы (ЕО),
Ықшам дискісі жоқ
Premium радиосы
(АҚШ) және
Солтүстік Америкаға
арналған Premium
радиосы**



**МЕХАНИК-ЖҮРГІЗУШІНІҢ
НҰСҚАУЛЫҒЫ
Стандартты радио және Premium
радиосы
OMAL215710 ШЫҒАРЫЛЫМЫ
G7 (KASACHISCH)**

**John Deere GmbH & Co. KG
John Deere Werk Mannheim**

Әлемдік шығарылым

PRINTED IN U.S.A.



Кіріспе

Алғы сөз

Радио жүйесімен дұрыс жұмыс істеуді үйрену үшін мұқият ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ОҚЫҢЫЗ. Осы нұсқаулық басқа тілдерде де қолжетімді (тапсырыс беру үшін John Deere дилерімен хабарласыңыз).

ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚ МАШИНАҢЫЗДЫҢ ТҰРАҚТЫ БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАНУЫ КЕРЕК және сатылғанда бірге берілуі керек.

«Сипаттама» бөлімінде берілген бос орынға ӨНІМНІҢ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛЫҚ НӨМІРІН (Ө.И.Н.) ЖАЗЫҢЫЗ. Барлық сандарды дәл жазыңыз. Ұрланған жағдайда, бұл нөмір меншігіңізді табуда маңызды болуы мүмкін. Осыған орай, осы нөмірді басқа жерге де жазып алу ұсынылады.

OULXBER,0002972 -KK-09FEB16-1/1

Мазмұны

Бет

Идентификация көріністері және сипаттары

Идентификация көріністері00-1

Қауіпсіздік және жалпы ақпарат

Маңызды ескертпелер05-1

Мақсатты пайдалану05-1

Жолдағы қауіпсіздік05-1

Құртылу.....05-1

Радио қабылдауының негізгі параметрлері05-1

Жалпы жұмысы

Басқару элементтері және

құралдары - ықшам дискісі жоқ радио 10-1

Басқару элементтері және

құралдары - ықшам дискісі бар радио 10-2

Радионы қосу/өшіру 10-3

Радио жарықтандыруының

жарықтылығын баптау (ILLUM)..... 10-3

Дыбыс деңгейін баптау..... 10-3

Радионың дыбысын өшіру (MUTE)..... 10-3

Растау дыбыстық сигналын

қосу/өшіру (BEEP)..... 10-4

Максималды дыбыс деңгейін

қуаттың қосылуы күйінде (ONVOL) баптау 10-4

Дыбысты баптау 10-4

Сол/оң жақтағы дыбыс деңгейінің

таралуын баптау (BAL)..... 10-4

Алдыңғы/артқы жақтағы дыбыс

деңгейінің таралауын баптау (FAD)..... 10-4

Дыбыс қаттылығын қосу/өшіру (LD) 10-5

Дыбыс параметрлерін ысыру..... 10-5

Радио жұмысы

Радио қабылдағышын теңшеу 15-1

Радиостанция аты..... 15-2

Радио режимін іске қосу 15-2

RDS функцияларын қосу/өшіру 15-2

Толқын диапазонын/жад деңгейін таңдау 15-2

Радиостанцияны баптау 15-3

Іздеу функциясының сезімталдылығы 15-3

Радиостанцияны сақтау 15-3

Сақталған радиостанцияларды таңдау..... 15-4

Сақталған радиостанцияларды

іздігі (PRSTSCAN)..... 15-4

Қолжетімді радиостанциялар үшін

толқын диапазонын іздеу (BANDSCAN)..... 15-4

Бет

Бағдарлама түрі (PTY)..... 15-5

Кедергіге ұшырау барысында

дискантты бөсеңдету (HCUT) 15-5

Перне функциясын орнату (KEY PRG) 15-5

Жол қозғалысы туралы ақпарат (тек Еуропа үшін)

Жол қозғалысы туралы ақпарат (тек

Еуропа үшін)20-1

Сыртқы дыбыс көздері

Сыртқы дыбыс көздері25-1

Ықшам диск жұмысы (ықшам дискісі бар стандартты радио және Premium радиосы ғана)

Ықшам дискілерді пайдалану (жалпы

ақпарат) 30-1

Ықшам диск режимін іске қосу 30-1

Ықшам дискіні шығару 30-1

Ықшам дискімен жұмыс істеу (ойнату

функциясы) 30-2

MP3 жұмысы (Premium радиосы ғана)

MP3 жұмысы (жалпы ақпарат) 35-1

MP3 ықшам дискін жасақтау 35-1

USB дерек тасығышын жасақтау 35-2

ID3 тегтері..... 35-2

Ықшам дискінен MP3 режимін іске қосу 35-2

USB дерек тасу құрылғысын қосу

және MP3 режимін іске қосу 35-2

Жылжымалы жолақ ақпаратын

қосу/өшіру (SCRL)..... 35-3

MP3 немесе WMA файлдарын ойнату 35-4

Bluetooth® жұмысы (Premium радиосы ғана)

Bluetooth® жұмысы, жалпы ақпарат 40-1

Bluetooth® орнату 40-1

Bluetooth® қосу/өшіру (BT MODE) 40-2

Байланыс түрін таңдау (CON-TYPE)

және құрылғыларды жұптастыру

(BT-PAIR)..... 40-2

Ағымдағы уақытта қосылуы Bluetooth®

құрылғысы (BT-JOIN) 40-2

Келесі бетте жалғасады

Бастапқы нұсқаулықтар. Осы нұсқаулықтағы барлық ақпараттар, суреттер және сипаттамалар жариялым кезіндегі қол жетімді ең соңғы ақпараттарға негізделген. Жариялаушы кез келген уақытта өзгертулерді ескертусіз енгізуге құқылы.

COPYRIGHT © 2017
John Deere GmbH & Co. KG Mannheim Regional Center
Zentralfunktionen
All rights reserved.
A John Deere ILLUSTRATION™ Manual
Previous Editions
Copyright © F7

Бет

Телефон кітапшасының деректерін тасымалдау және оларға қатынасу.....	40-3
Қоңырауларды қабылдау және шалу	40-3
Аудио файлдарын ойнату (BT AUDIO).....	40-4

SiriusXM® спутник қабылдауы (тек Солтүстік Америкаға арналған Premium радиосы)

SiriusXM® радиосы, жалпы ақпарат	45-1
XM сериялық нөмірін көрсету	45-1
XM радио режимі	45-1
XM радио режимін іске қосу	45-1
XM диапазонын таңдау (Жады деңгейі)	45-2
Таңдалған XM арналары	45-2
XM арналарын сақтау	45-2
Сақталған XM арналарын таңдау	45-2
XM арнасының санат режимін қосу/өшіру (CAT)	45-2
XM арнасының санатын таңдау	45-2
Перне функциясын орнату (KEY PRG)	45-3
Жүйе ақпараты	45-3

Сипаттамалар

Сипаттамалар	50-1
Өнімнің идентификациялық нөмірі және SiriusXM® сериялық нөмірі	50-1
Қате туралы хабарламалар және ақаулықтар	50-2
Сәйкестік туралы декларация	50-3

Идентификация көріністері



Стандартты радио



Ықшам дискісі бар стандартты радио



Premium радиосы (EO)

Негізгі құрылғылар:	Радио	Сыртқы құрылғылардың қосылымы	Ықшам диск	Ықшам диск, MP3/WMA	USB	Bluetooth®	Спутниктік радио
Стандартты радио	X	X					
Ықшам дискісі бар стандартты радио	X	X	X	X			
Premium радиосы (EO)	X	X	X	X	X	X	
Ескертпе: "Екінші басылым" радиоларының суреттері қараңғы фондағы ашық түсті мәтінмен көрсетілген. "Бірінші басылым" радиоларының дисплейі өзгеше - мұнда ашық фонда қара түсті мәтін көрсетіледі.							

Келесі бетте жалғасады

OULXBER.00029BA-KK-10FEB16-1/2

LX272576 —UN—09FEB16

LX272570 —UN—09FEB16

LX272572 —UN—09FEB16



Ықшам дискісі жоқ Premium радиосы (АҚШ)



Солтүстік Америкаға арналған Premium радиосы

Негізгі құрылғылар:	Радио	Сыртқы құрылғылардың қосылымы	Ықшам диск	Ықшам диск, MP3/WMA	USB	Bluetooth®	Спутниктік радио
Ықшам дискісі жоқ Premium радиосы (АҚШ)	X					X	XM-ready
Солтүстік Америкаға арналған Premium радиосы	X	X	X	X	X	X	X

Ескертпе: "Екінші басылым" радиоларының суреттері қараңғы фондағы ашық түсті мәтінмен көрсетілген. "Бірінші басылым" радиоларының дисплейі өзгеше - мұнда ашық фонда қара түсті мәтін көрсетіледі.

OULXBER,00029BA -KK-10FEB16-2/2

LX272573 —UN—09FEB16

LX272571 —UN—09FEB16

Маңызды ескертпелер

Механик-жүргізуші нұсқаулығы: Радиомен жұмыс істеуден бұрын осы механик-жүргізуші нұсқаулығын мұқият оқып, радиомен таныс болыңыз. Кейін қарау үшін осы механик-жүргізуші нұсқаулығын көлікте сақтаңыз.

Орнату ескертпесі: CAN байланысы бар радиолары орнатылған көліктегі электрондық құралдармен

байланыстырылған. Ондай радионы басқа көлікте пайдаланудан бұрын John Deere дилері іске қосуы керек. Әйтпесе, ол жұмыс істемейді.

Радио жиіліктері (тюнер диапазоны): Радио алқапта орнатылған кезде, дилер қабылдағыштың аймақтық қабылданатын жиілік диапазонына сәйкестендірілгенін тексеруі керек. Әйтпесе кейбір радиостанциялар және радио қызметтері қабылданбайды.

OULXBER,00029BB -KK-09FEB16-1/1

Мақсатты пайдалану

Бұл радио 12 вольттық борттық кернеуі және 1-DIN науасында құрылыстары бар қызметтік көлік үшін жасалған.

OULXBER,00029BC -KK-09FEB16-1/1

Жолдағы қауіпсіздік

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жолдағы қауіпсіздіктің мәртебесі жоғары. Радио жүйесімен тек жол қозғалысы және жүргізу жағдайлары мүмкіндік бергенде жұмыс істеңіз. Көлікті жүргізу алдында радиомен таныс болыңыз. Жүргізу кезінде лайықты дыбыс деңгейін таңдаңыз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жұмыс істеу кезінде радио мазаңызды алмасын. Үрдістер мұқият назарды талап еткенде радионы өшіріп қойыңыз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Радио дыбысын шеттен келген тәртіп сақтау органдарының және жедел жәрдемнің ескерту сигналдарын дер кезінде ести алатындай етіп баптаңыз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Егер радио дыбысы қатты шығарылған болса, есту қабілетіне зақым келтіруі мүмкін.

OULXBER,00029BD -KK-09FEB16-1/1

Құртылу

Ескі радио жүйесін күнделікті тұрмыстық заттар қоқысына тастамаңыз!

Ескі радио жүйені кәдеге жарату үшін қолжетімді кәдеге жарату және қоқыс жинау жүйелерін пайдаланыңыз.

OULXBER,00029BE -KK-09FEB16-1/1

Радио қабылдауының негізгі параметрлері

МАҢЫЗДЫ: Радио қабылдағышы елге сәйкес толқын диапазонына (радиоқабылдағыш диапазоны) теңшелуі тиіс. Толқындар диапазоны (радиоқабылдағыш диапазоны) тиісінше орнатылмайынша, ешбір радиостанцияны қабылдау мүмкін болмайды.

Жалпы, радио жеткізілу кезінде тиісінше орнатылған. Сирек жағдайларда, бұған қарамастан, оны ысыру қажет болуы мүмкін. "Радио жұмысы" 15-бөліміндегі "Радио қабылдағышын теңшеу" мақаласын қараңыз.

OULXBER,00029BF -KK-09FEB16-1/1

Жалпы жұмысы

Басқару элементтері және құралдары - ықшам дискісі жоқ радио




Орналасқан жері	Белгіленуі	Функция
1	Дыбыс деңгейін басқару	
2	BND	Жады деңгейін немесе толқын диапазонын таңдау үшін, тез басыңыз
3	Қосу/Өшіру пернесі	Travelstore функциясын қосу үшін, басып тұрыңыз Радионы қосу үшін, тез басыңыз Радио үнін өшіру үшін, пайдалану кезінде тез басыңыз Радионы өшіру үшін, басып тұрыңыз
4	Дисплей	Дисплейді өзгерту
5	Мәзір	Негізгі параметрлер үшін мәзірлерді шақыру
6	Көп функциялы ықтырмалы қосқыш	Дисплей ішінде шарлаңыз және функцияларды ауыстырыңыз
7	AUD пернесі	Төменгі, ортаңғы ауқымды және жоғарғы дыбыс жиіліктерін басқару элементтерін, баланс, тыныштандыру* және дыбыс қаттылығын орнату мақсатында дыбыс мәзірін ашу үшін, тез басыңыз Зауыттық дыбыс параметрлерін (жоғарғы және төменгі дыбыс жиіліктері тек ағымда қолданылған дыбыс көзі үшін) қалпына келтіру үшін, басып тұрыңыз
8	1 - 6 перне жиыны	Радиостанция пернелері
9a	TA пернесі	Стандартты радио (ғаламдық нұсқа): Пайдаланушы және аудио мәзірлерінен ағымдағы көзге ауысу. Радио іздестіру функцияларынан шығыңыз. Жол қозғалысы хабарландыруларының басымдылығын қосыңыз/өшіріңіз. Жұмыс барысында жол қозғалысы хабарландыруларынан бас тарту (тек Еуропа үшін).
9b	Bluetooth® пернесі	Ықшам дискісі жоқ Premium радиосы (тек АҚШ үшін): Bluetooth® функциясын қосу немесе өшіру
10	SRC пернесі	Радио мен AUX арасындағы көзді таңдау

*Алдыңғы дауыс зорайтқыштар мен артқы дауыс зорайтқыштар қосылғанда ғана сигнал өшуі мүмкін.

OULXBER_00029C0 -KK-11FEB16-1/1

LX272574 —UN—09FEB16

Басқару элементтері және құралдары - ықшам дискісі бар радио



Орналасқан жері	Белгіленуі	Функция
1	Дыбыс деңгейін басқару	
2	BND	Жады деңгейін немесе толқын диапазонын таңдау үшін, тез басыңыз
3	Қосу/Өшіру пернесі	Travelstore функциясын қосу үшін, басып тұрыңыз Радионы қосу үшін, тез басыңыз Радио үнін өшіру үшін, пайдалану кезінде тез басыңыз Радионы өшіру үшін, басып тұрыңыз
4	Ықшам дискісін шығару пернесі	
5	Ықшам диск науасы	
6	Дисплей	Дисплейді өзгерту
7	Мәзір	Негізгі параметрлер үшін мәзірлерді шақыру
8	Көп функциялы ықтырмалы қосқыш	Дисплей ішінде шарлаңыз және функцияларды ауыстырыңыз
9	AUD пернесі	Төменгі, ортаңғы ауқымды және жоғарғы дыбыс жиіліктерін басқару элементтерін, баланс, тыныштандыру* және дыбыс қаттылығын орнату мақсатында дыбыс мәзірін ашу үшін, тез басыңыз Зауыттық дыбыс параметрлерін (жоғарғы және төменгі дыбыс жиіліктері тек ағымда қолданылған дыбыс көзі үшін) қалпына келтіру үшін, басып тұрыңыз
10	1 - 6 перне жиыны	Радиостанция пернелері
11	TA пернесі	Пайдаланушы және дыбыс мәзірлерінен ағымдағы көзге ауысыңыз. Радио іздестіру функцияларынан шығыңыз. Жол қозғалысы хабарландыруларының басымдылығын қосыңыз/өшіріңіз. Жол қозғалысы хабарландыруларын жұмыс барысында болдырмаңыз (тек Еуропа үшін).
12	SRC пернесі	Радио және AUX (үлгіге, сонымен қатар, ықшам диск, USB және XM байланысты) режиміне арналған ақпарат тасығыш арасында көзді таңдау енгізілген немесе құрылғы жалғанған және қосулы күйіне орнатылған.

*Алдыңғы дауыс зорайтқыштар мен артқы дауыс зорайтқыштар қосылғанда ғана сигнал өшуі мүмкін.

OULXBER,00029C1 -KK-10FEB16-1/1

LX272575 —UN—09FEB16

Радионы қосу/өшіру

Радионы қосу мен өшірудің бірнеше мүмкіндіктері бар.

Қосу/өшіру пернесін пайдалану

Қосу Қосу/өшіру пернесін басу
 Өшіру Қосу/өшіру пернесін 2 секундтан артық басып, ұстап тұру

Оталдыру жүйесін пайдалану

Қосу (оталдыруды қосу) Оталдыру жүйесі өшірілген кезде радио автоматты түрде өшеді.
 Өшіру (оталдыруды өшіру) Бұл жағдайда, оталдыруды қайта қосқанда радио автоматты түрде қосылады.

ЕСКЕРТУ: Радионы қосу/өшіру пернелерін пайдаланып оталдыру өшірулі болған кезде де

қосуға болады. Көлік батареясын үнемдеу үшін радио алдын ала орнатылған уақыттан кейін автоматты түрде өшеді (осы бөлімдегі "Өшу уақытын баптау" мақаласын қараңыз).

Өшу уақытын баптау (HOUR)

1. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.
2. **MENU** пернесін **HOUR** жазуы және ағымдық уақыт параметрі көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
3. Өшу уақытын 1-60 минут аралығында орнату үшін дыбыс деңгейін басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
4. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,00029C2 -KK-09FEB16-1/1

Радио жарықтандыруының жарықтылығын баптау (ILLUM)

ЕСКЕРТУ: Бұл параметр көліктің жарықтықты автоматты баптау функциясы қолжетімді болмаған кезде пайдаланылады.

Көмескі жарықтың өзгеруіне байланысты, **ILLUM** мәзірі әрдайым қолжетімді болады және **CAN** шинасы белсенді емес болған кезде пайдаланылады, мысалы, радио сағат режимінде қосылған кезде.

Жарықтық құрал шамдарына автоматты түрде бейімделмеген жағдайда, бұл параметрді **ILLUM**

мәзірінде қолмен орнатуға болады. Оны іске асыру үшін, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.
2. **MENU** пернесін **ILLUM** жазуы және ағымдық параметр көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
3. Жарықтылығы -5 (мин.) - +5 (макс.) аралығында орнату үшін дыбыс деңгейін басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
4. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,00029C3 -KK-10FEB16-1/1

Дыбыс деңгейін баптау

Дыбыс деңгейін 0 (өшірулі) - 32 (макс.) шамалары аралығында өсу ретімен баптауға болады.

Дыбыс деңгейін баптау

Дыбысты көтеру Дыбысты басқару құралын сағат бағытымен бұрау
 Дыбысты азайту Дыбысты басқару құралын сағат бағытына қарсы бұрау

ЕСКЕРТУ: Радио нөлдік (0) дыбыс деңгейінде, тіпті ол нөлдік (0) дыбыс деңгейінде өшірілген болса да, іске қосылмайды.

OULXBER,00029C4 -KK-10FEB16-1/1

Радионың дыбысын өшіру (MUTE)

Қосу/өшіру пернесін (3) бір рет басқанда радио дыбысы өшеді. Сол кезде дыбыс мүлдем шықпайды. Қосу/өшіру пернесін қайта басқанда дыбыс шығысы соңғы дыбыс параметріне қайта оралады.

Радионың дыбысын өшіру

Дыбыс өшіру функциясын белсендіру (дыбысты өшіру) ... Қосу/өшіру пернесін бір рет басу
 Дыбыс өшіру функциясын өшіру (дыбысты қосу) Қосу/өшіру пернесін қайтадан бір рет басу немесе дыбысты басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұрау

ЕСКЕРТУ: Көлік қайта іске қосылса, дыбысты өшіру функциясынан бас тартылады. Сондай-ақ, тіпті көлікті қайта іске қоспай, радионы өшіріп, қайта қосқан жағдайда.

OULXBER,00029C5 -KK-10FEB16-1/1

Растау дыбыстық сигналын қосу/өшіру (BEEP)

Белгілі бір әрекеттерден кейін (мысалы пернені басып, ұстап тұру) растау дыбыстық сигналы шығады. Осы растау дыбыстық сигналын өшіруге болады.

1. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.

2. **MENU** пернесін **BEEP** және ағымдық параметрді **ON** немесе **OFF** жазулары көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
3. **ҚОСУ** күйінен **ӨШІРУ** күйіне немесе кері ауыстыру үшін дыбысты басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
4. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,00029C6 -KK-09FEB16-1/1

Максималды дыбыс деңгейін қуаттың қосулы күйінде (ONVOL) баптау

Радио жүйесін қосқан кездегі максималды дыбыс деңгейін **ONVOL** мәзірінде баптауға болады. Незігінен, жоғарыдағы қосылғандағы максималды дыбыс деңгейінің параметрін орнатпағанша қосылғанда соңғы таңдалған дыбыс деңгейі болады. Бұл жағдайда, максималды дыбыс параметрі пайдаланылады.

ЕСКЕРТУ: Қосылғандағы максималды дыбыс деңгейі 5-25 шамалары аралығында бапталады.

1. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.
2. **MENU** пернесін **ONVOL** жазуы және ағымдық параметр көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
3. Қосылғандағы максималды дыбыс деңгейін 5-25 шамалары аралығында баптау үшін дыбысты басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе бағытымен бұраңыз.
4. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,00029C7 -KK-09FEB16-1/1

Дыбысты баптау**Бассты (BASS) және дискантты (TREB) баптау**

1. Дыбыс параметрлеріне арналған мәзірді ашу үшін **AUD** пернесін басыңыз.
2. **AUD** пернесін **BASS** немесе **TREB** жазулары және ағымдық параметр көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
3. Мәнді +7 - -7 аралығында орнату үшін дыбыс деңгейін басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
4. Мәзірден шығу үшін **AUD** пернесін бірнеше рет басыңыз.

Орташаны (MID) баптау

1. Дыбыс параметрлеріне арналған мәзірді ашу үшін **AUD** пернесін басыңыз.
2. **AUD** пернесін **MID** жазуы және ағымдық параметр көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
3. Мәнді +7 - -7 аралығында орнату үшін дыбыс деңгейін басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
4. Мәзірден шығу үшін **AUD** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,00029C8 -KK-09FEB16-1/1

Сол/оң жақтағы дыбыс деңгейінің таралуын баптау (BAL)

1. Дыбыс параметрлеріне арналған мәзірді ашу үшін **AUD** пернесін басыңыз.
2. **AUD** пернесін **BAL** жазуы және ағымдық параметр көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.

3. Мәнді +10 - -10 аралығында орнату үшін дыбыс деңгейін басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
4. Мәзірден шығу үшін **AUD** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,00029C9 -KK-09FEB16-1/1

Алдыңғы/артқы жақтағы дыбыс деңгейінің таралауын баптау (FAD)

Бұл баптау тек алдыңғы және артқы динамиктері бар көліктерде ғана қолжетімді.

1. Дыбыс параметрлеріне арналған мәзірді ашу үшін, **AUD** пернесін басыңыз.

2. **AUD** пернесін **FAD** жазуы және ағымдық параметр көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
3. Мәнді +10 - -10 аралығында орнату үшін дыбыс деңгейін басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
4. Мәзірден шығу үшін **AUD** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,00029CA -KK-10FEB16-1/1

Дыбыс қаттылығын қосу/өшіру (LD)

Дыбыс қаттылығын белсендіру дыбысты жақсартады. Тонның төменгісінен жоғарғы коэффициентіне дейін дыбыс деңгейінің параметрі төмен болған кезде де теңгерілген дыбысқа қол жеткізу үшін өзгертіледі. Дыбыс деңгейінің параметрлері жоғары болғанда дыбыс қаттылығын қосу ұсынылмайды.

1. Дыбыс параметрлеріне арналған мәзірді ашу үшін **AUD** пернесін басыңыз.

2. **AUD** пернесін **LD** және ағымдық параметрді **ON** немесе **OFF** жазулары көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
3. **ҚОСУ** күйінен **ӨШІРУ** күйіне немесе кері ауыстыру үшін дыбысты басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
4. Мәзірден шығу үшін **AUD** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER.00029CB -KK-09FEB16-1/1

Дыбыс параметрлерін ысыру

Барлық дыбыс параметрлерін зауытық параметрлерге қарай ысыруға болады.

1. Дыбыс параметрлеріне арналған мәзірді ашу үшін **AUD** пернесін басыңыз.
2. **AUD** пернесін **RESET N** жазуы көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
3. **RESET Y** тармағын таңдау үшін дыбысты басқару құралын сағат бағытымен бұраңыз. Шамамен

2 секундтан кейін барлық дыбыс параметрлері ысырылады.

4. Мәзірден шығу үшін **AUD** пернесін бірнеше рет басыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Аудио параметрлерді тек ағымдағы пайдаланылатын аудио көзіне қалпына келтіру үшін, **AUD** пернесін 2 секундтан артық басып тұрыңыз.*

OULXBER.00029CC -KK-09FEB16-1/1

Радио жұмысы

Радио қабылдағышын теңшеу

МАҢЫЗДЫ: Радио қабылдағышы елге сәйкес толқын диапазонына (радиоқабылдағыш диапазоны) теңшелуі тиіс. Толқындар диапазоны (радиоқабылдағыш диапазоны) тиісінше орнатылмайынша, ешбір радиостанцияны қабылдау мүмкін болмайды.



Параметрді орнату:

1. Радионы өшіріңіз.
2. Радио станцияларының (1) және (3) түймешіктерін бір мезгілді басылған күйде ұстап тұрыңыз.
3. Радионы қосыңыз; дисплейде "SETUP" жазуы көрсетіледі.
4. (1) және (3) станция түймешіктерін жіберіңіз.
5. Ағымдағы толқын диапазоны көрсетілмегенше, "Menu" түймешігін бірнеше рет басыңыз. (мыс., "EUROPE", "NAFTA", "SOTHAMRC", "MESTAFRC", "APAC", "TAIWAN", "PHILIPIN" немесе "AUSTRLNZ").
6. Мульти-функционалды ықтырмалы қосқыш (жоғарғы оң жақтағы көрсеткілер) түрлі толқын

диапазондарымен ауысып қосылу үшін қолданыла алады. Радио жұмыс істей алатын мемлекетке сәйкес толқын диапазонын таңдаңыз (кестені қараңыз).

7. Тиісті толқын диапазоны таңдалғаннан кейін бұл мәзірде басқа параметрлерді теңшемеңіз; оның орнына өзгертілген параметрлерді сақтау үшін радионы өшіріңіз.

Мемлекет	Толқын диапазоны (тюнер диапазоны)	Ел	Толқын диапазоны (тюнер диапазоны)
Австрия Бельгия Болгария Швейцария Чех Республикасы Германия Дания Эстония Испания Финляндия Франция Ұлыбритания Солтүстік Ирландия Хорватия Венгрия	Италия Қазақстан Литва Люксембург Латвия Нидерланды Польша Португалия Румыния Ресей Сербия Швеция Словакия Түркия Украина	Аргентина Боливия Бразилия Гайана Никарагуа Уругвай Венесуэла	SOTHAMRCA
Канада Доминикан Республикасы Мексика Америка Құрама Штаттары	NAFTA	Армения Эфиопия Израиль Оман Оңтүстік Африка Замбия	MESTAFRC
Тайвань	TAIWAN	Қытай Жапония Корея	APAC
		Австралия Жаңа Зеландия	AUSTRLNZ
		Филиппин	PHILIPIN

Ақаулық:

Орнату мәзірі дисплейде пайда болмайды. Қалыпты радио режимі белсенді.

Қажет мемлекет орнату мәзірінде көрсетілмейді.

Орнатылған параметр сақталмайды.

Радио дисплейінде ештеңе көрсетілмейді.

Шешім

Радио қосылып тұрғанда екі түймешіктің бірдей уақытта басылғанына көз жеткізіңіз.

Бұл қалыпты. Дисплейде тек 8 параметр пайда болады; оның әрқайсысы мемлекеттер санына сәйкес келеді. Тиісті таңдауды орындаудан бұрын кестені қараңыз.

CommandCenter жүйесіне CAN шинасы арқылы қосылған радиолар параметрлерді сәйкес бағдарламалық қамтым арқылы қабылдайды. Мұндай жағдайда параметрді CommandCenter ішінде орнату қажет.

Радионың жұмыс істеуге дайындығын тексеріңіз. "DIM функциясы" DIM ON күйіне орнатылғанын тексеріңіз.

OULXBER,00029CD -KK-11FEB16-1/1

LX203986—UN—27MAR14

Радиостанция аты

Бұл радио жүйесі RDS (радио сандық жүйесі) радио қабылдағышымен жабдықталған. Көптеген FM радиостанциялары бағдарламаны қамтитын

сигналмен қатар радиостанция аты және бағдарлама аты (PTY) сияқты басқа ақпараттарды қамтитын сигналдарды жібереді.

Радиостанция аты қабылданатын болса, көрсетіледі.

OULXBER,00029CE -KK-10FEB16-1/1

Радио режимін іске қосу

Егер радио жүйесі қазір басқа режимде болса:

- **BND** пернесін бір рет басыңыз немесе **SRC** пернесін **RADIO** жазуы көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.

Ағымдағы жиілік немесе радиостанция аты көрсетіледі.

OULXBER,00029CE -KK-09FEB16-1/1

RDS функцияларын қосу/өшіру

RDS функциялары радио жүйесінің қызмет көрсету ауқымын кеңейтеді.

- **AF** (балама жиілік): RDS функциясы қосылған кезде, радио жүйесі фондық режимде таңдалған радиостанцияның ең жақсы қабылданылатын жиілігін іздейді.
- **REG** (аймақ): Белгілі бір уақыттарда, кейбір радиостанциялар бағдарламаларын аймаққа сай жіктеп әртүрлі мазмұнмен жібереді. REG функциясы белсендірілген кезде радио жүйесі басқа бағдарлама мазмұнын беріп жатқан альтернативті жиіліктерге ауыспайды.

ЕСКЕРТУ: RDS (АЖ) зауыттық параметр ретінде қосылған. REG функциясын мәзір арқылы бәлек қосу және өшіру қажет. REG функциясын тек RDS қосуды тұрғанда ғана қосуға болады.

RDS (АЖ) қосу немесе өшіру

1. Радио режимін таңдаңыз (FM жиілік диапазоны).
2. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.

3. **MENU** пернесін **RDS** және ағымдық параметрді **ON** немесе **OFF** жазулары көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.

4. **QOCY** күйінен **ӨШІРУ** күйіне немесе кері ауыстыру үшін дыбысты басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.

5. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

REG функциясын қосу немесе өшіру

1. Радио режимін таңдаңыз (FM жиілік диапазоны).
2. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.
3. **MENU** пернесін **REG** және ағымдық параметрді **ON** немесе **OFF** жазулары көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
4. **QOCY** күйінен **ӨШІРУ** күйіне немесе кері ауыстыру үшін дыбысты басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
5. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

ЕСКЕРТУ: RDS функциялары іске қосылған кезде, RDS көрсетіледі.

OULXBER,00029D0 -KK-10FEB16-1/1

Толқын диапазонын/жад деңгейін таңдау

Басқа жиілік диапазондарының бағдарламалары осы радио жүйесі арқылы қабылдануы мүмкін (кестені қараңыз).

- Әр FM толқын диапазоны үшін үш жад деңгейі қолжетімді.
- AM/AMT, MW/MWT және LW/LWT толқын диапазондарының әрқайсысы үшін екі жад деңгейі қолжетімді.
- WX толқын диапазоны үшін бір жад деңгейі қолжетімді.
- Әр жад деңгейінде 6 станцияны сақтауға болады.

Толқын диапазондары немесе жад деңгейлері арасында ауысып қосылу үшін, **BND** пернесін басыңыз.

Аймақ:	Толқын диапазондары:				
	FM	AM	WX	MW	LW
НАФТА мемлекеттері	X	X	X		
Еуропа	X			X	X
Басқа аймақтар	X	X			
Жад деңгейлері:	FM1, FM2, FMT	AM, AMT	WX	MW, MWT*	LW, LWT*
*Тек EO					

OULXBER,00029D1 -KK-12FEB16-1/1

Радиостанцияны баптау

Радиостанцияны баптаудың екі түрі бар:

- ◀ және ▶ пернелері арқылы **автоматты** іздеу. Сонымен қатар, осы бөлімдегі "Іздеу функциясының сезімталдылығы (SENS)" мақаласын қараңыз.

- ▲ және ▼ пернелері арқылы радиостанцияны **қолмен** баптау.

Сонымен қатар, осы бөлімдегі "Перне функциясын бағдарламалау (KEY PRG)" мақаласын қараңыз.

OULXBER,00029D2 -KK-10FEB16-1/1

Іздеу функциясының сезімталдылығы

Бұл функция радиостанцияны баптау кезінде тиісті функция болып табылады.

Автоматты іздеу

Іздеу функциясының сезімталдылығын орнату (SENS)

1. Радио режимін таңдаңыз.
2. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.

3. **MENU** түймешігін **SENS** және ағымдық параметр **LO** (төмен сезімталдылық) немесе **DX** (жоғары сезімталдылық) жазулары шықпағанша бірнеше рет басыңыз.
4. **LO** (төмен сезімталдылықтан) **DX** (жоғары сезімталдылыққа) немесе кері ауыстыру үшін дыбысты басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
5. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,0002A1B -KK-10FEB16-1/1

Радиостанцияны сақтау

Аймақ:	Толқын диапазоңдары:				
	FM	AM	WX	MW	LW
НАФТА мемлекеттері	X	X	X		
Еуропа	X			X	X
Басқа аймақтар	X	X			
Жад деңгейлері:	FM1, FM2	AM	WX	MW	LW

Қолмен сақтау

1. Қалаған толқын диапазоңын немесе жад деңгейін таңдаңыз.
2. Қалаған радиостанцияға реттеңіз.
3. Радиостанцияны сақтау үшін, 1 - 6 дейінгі радиостанция пернелерінің бірін таңдаңыз, сонан соң осы пернені 2 секундтан көп басып, ұстап тұрыңыз.
4. Радиостанция таңдалған радиостанция пернесінде сақталғанда растау сигналы естіледі. Радиостанцияның сақталған орны (мысалы, P3) сол радиостанция таңдалған кезде көрсетіледі.

Автоматты сақтау (T-STORE)

ЕСКЕРТУ: CommandCenter™ GS 4600 дисплейімен қолжетімді емес. Функционалдылық

CommandCenter™ – Deere & Company компаниясының сауда белгісі

бағдарламалық жасақтама жаңартуларымен бірге өзгеруі мүмкін, өкілетті дилеріңізден сұраңыз.

Аймақтың ең мықты 6 радиостанциясы автоматты түрде сақталуы мүмкін. FM толқын диапазоңын сақтау үшін, FMT жад деңгейі пайдаланылады және AM толқын диапазоңын сақтау үшін, AMT жад деңгейі пайдаланылады (қосымша MWT және LWT Еуропаға арналған).

ЕСКЕРТУ: Осы деңгейде алдында сақталған радиостанциялар жаңадан табылғандарымен алмастырылады.

PTY функциясы қосылған болса, тек бағдарлама түрі таңдалып қойған радиостанциялар сақталады.

1. Қалаған толқын диапазоңын таңдаңыз.
2. **BND** пернесін 2 секундтан артық басып, ұстап тұрыңыз.
3. Сақтау басталады және **T-STORE** жазуы көрсетіледі. Үрдіс аяқталғаннан кейін 1-6 дейінгі жады орындары радиостанцияларға тағайындалады. Сақтаудың бұл түрі тек сақтау орындалып қойған жад деңгейінде (FMT немесе AMT) іске асады.

OULXBER,00029D3 -KK-10FEB16-1/1

Сақталған радиостанцияларды таңдау

1. Жады деңгейін немесе толқын диапазонын таңдаңыз.

2. Сақталған радиостанциялардың бірін шақыру үшін 1-6 дейінгі радиостанция пернелерінің бірін басыңыз.

OULXBER.00029D4 -KK-10FEB16-1/1

Сақталған радиостанцияларды іздестіру (PRSTSCAN)

Осы функциямен ағымдағы жад деңгейінде сақталған барлық радиостанциялар бірінен кейін бірі шамамен 5 секунд ойнатылады.

Сканерлеуді іске қосу

1. ◀ немесе ▶ пернесін басыңыз.

2. **PRSTSCAN** қысқаша көрсетіледі. Ағымдық жад деңгейінде сақталған әр радиостанция шамамен 5 секунд ойнатылады. Осы уақытта таңдалған жиілік немесе радиостанция аты көрсетіледі.

Іздестіруді тоқтату

1. ◀ немесе ▶ пернесін басыңыз.
2. Сканерлеу тоқтап, соңғы ойнатылған радиостанция қосулы қалады.

OULXBER.00029D5 -KK-10FEB16-1/1

Қолжетімді радиостанциялар үшін толқын диапазонын іздеу (BANDSCAN)

ЕСКЕРТУ: Бұл функция тек KEY PRG мәзіріндегі ◀ және ▶ пернелері үшін BANDSCAN тармағы таңдалғанда ғана қолжетімді болады (осы бөлімдегі "Перне функциясын орнату" мақаласын қараңыз).

Іздестіруді бастау

1. ◀ немесе ▶ пернесін басыңыз.

2. **BANDSCAN** қысқа уақытқа көрсетіледі. Ағымдағы толқын диапазонында қолжетімді радиостанциялар ізделеді. Әр табылған радиостанция шамамен 5 секунд ойнатылады. Осы уақытта таңдалған жиілік немесе радиостанция аты көрсетіледі.

Іздестіруді тоқтату

1. ◀ немесе ▶ пернесін басыңыз.
2. Іздестіру аяқталып, соңғы ойнатылған радиостанция қосулы қалады.

OULXBER.00029D6 -KK-10FEB16-1/1

Бағдарлама түрі (PTY)

Кейбір FM радиостанциялары бағдарлама түрі туралы ақпаратты жібереді.

Бағдарлама түрлерінің мысалдары:

- МӨДЕНИЕТ
- САЯХАТ
- Ауа райы
- ДЖАЗЗ МУЗЫКА
- ЖАҢАЛЫҚТАР
- ПОП МУЗЫКА

PTY қосулы болған кезде, тек таңдалған бағдарлама түрі бар радиостанцияларды баптауға болады. Радио автоматты түрде ағымдағы радиостанциядан немесе басқа режимнен таңдалған бағдарлама түріне ие радиостанцияға ауысады.

PTY қосу/өшіру

1. Радио режимін таңдаңыз.
2. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.
3. **MENU** пернесін **PTY ҚОСУ** немесе **PTY ӨШІРУ** жазулары көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
4. **PTY ӨШІРУ** күйінен **PTY ҚОСУ** күйіне немесе кері ауыстыру үшін дыбысты басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
5. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

Бағдарлама түрін таңдау

ЕСКЕРТУ: PTY қосулы болуы керек.

1. Радио режимін таңдаңыз.
2. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.
3. **MENU** пернесін **PTYTYPE** жазуы көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
4. Бағдарлама түрін таңдау үшін дыбыс деңгейін басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
5. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

PTY іздестіруін бастау

ЕСКЕРТУ: PTY іздестіру функциясы тек **KEY PRG** мәзірінде ◀ және ▶ пернелері үшін **AUTOSEEK** немесе **BANDSCAN** тармағы таңдалған болса ғана іске қосылады (осы бөлімдегі "Перне функциясын орнату" мақаласын қараңыз).

1. Іздестіруді бастау үшін ◀ немесе ▶ пернесін басыңыз.
2. Егер қазіргі таңдалған бағдарлама түріне сай радиостанция табылса, ол бапталады.
3. Егер бағдарлама түріне сай радиостанция табылмаса, алдында таңдалған радиостанция қосулы қалады.

OULXBER,00029D7 -KK-10FEB16-1/1

Кедергіге ұшырау барысында дискантты бәсеңдету (HCUT)

HCUT функциясы радио қабылдауы нашар болғанда дыбысты жақсартыады. Қабылдау кезінде кедергіге ұшырау орын алса, кедергі шуының деңгейі автоматты түрде азайтылады.

1. Радио режимін таңдаңыз.
2. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.

3. **MENU** пернесін **HCUT** жазуы және ағымдық параметр **OFF**, **1** немесе **2** көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
4. **HCUT** функциясын баптау немесе өшіру үшін дыбыс деңгейін басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
5. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,00029D8 -KK-09FEB16-1/1

Перне функциясын орнату (KEY PRG)

Функцияны ◀ және ▶ пернелеріне тағайындауға болады.

Функциялар	Сипаттамасы
AUTOSEEK	Келесі қолжетімді радиостанцияға баптау
MANSEEK	Бір уақытта бір мөнге артуды қолмен баптау
PRSTSCAN	Ағымдағы таңдалған жад деңгейінде сақталған радиостанцияларды сканерлеу
BANDSCAN	Ағымдағы таңдалған диапазонда қолжетімді радиостанцияларды сканерлеу

Перне функциясын орнату

1. Радио режимін таңдаңыз.
2. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.
3. **MENU** пернесін **KEY PRG** жазуы көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
4. Өртүрлі параметрлер арасында ауысып қосылу үшін дыбысты басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
5. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,00029D9 -KK-10FEB16-1/1

Жол қозғалысы туралы ақпарат (тек Еуропа үшін)

ЕСКЕРТУ: Жол қозғалысы туралы ақпарат функциялары НАФТА мемлекеттерінде қолжетімсіз.

Бұл функция Солтүстік Америкаға арналған Premium радиосында қолжетімсіз.

Бұл функция CD және AUX режимдерінде радио режимінде тек FM толқын диапазоны таңдалған болса ғана қолжетімді.

Жол қозғалысы туралы ақпарат басымдылығын қосу/өшіру

Жол қозғалысы туралы ақпарат басымдылығын барлық режимдер үшін қосу немесе өшіру үшін **ТА** пернесін басыңыз.

"ТА" немесе "ТР" жазуы көрсетілсе, жол қозғалысы туралы ақпарат басымдылығы белсендіріледі. Жол қозғалысы туралы хабарлама қабылданған кезде, ықшам диск немесе басқа шығыстар бөгеттеледі және радио жүйесі жол қозғалысы туралы хабарламаға көшеді. Хабарлама кезінде "TRAFFIC" жазуы көрсетіледі.

• Жол қозғалысы туралы ақпаратты беріп отырған радиостанцияның беріліс диапазонынан шыққан кезде ойнату көзіне қарамастан акустикалық сигнал дыбысы шығады және автоматты сканерлеу жол қозғалысы ақпараты бар балама радиостанцияны таппайды.

• Акустикалық сигнал дыбысы жол қозғалысы ақпараты бар радиостанциядан ондай ақпараты жоқ радиостанцияға ауысқанда шығады.

Өр жағдайда жол қозғалысы ақпаратының басымдылығын қосыңыз немесе жол қозғалысы хабарламаларын тарататын радиостанцияға баптаңыз.

Жол қозғалысы хабарландыруының дыбыс деңгейін баптау

1. Радио режимін таңдаңыз (FM жиілік диапазоны).
2. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.
3. **MENU** пернесін **TA DIFF** жазуы және ағымдық параметр көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
4. Мәнді DIFF 0 - DIFF 10 аралығында баптау үшін дыбыс деңгейін басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз. Бұл сандар таңдалған дыбыс деңгейіне қатысты дыбыстың ұлғаю мәнін көрсетеді.
5. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

ЕСКЕРТУ: Жол қозғалысы хабарландыруы беріліп жатқан кезде дыбыс деңгейін басқару элементін пайдаланып хабарландыру ұзақтығына сай дыбыс деңгейін баптауға болады.

Жол қозғалысы хабарландыруларын болдырмау

Жүріп жатқан жол қозғалысы хабарландыруын тоқтатып, алдыңғы шығыс көзіне оралу үшін **ТА** пернесін басыңыз. Жол қозғалысы туралы ақпарат басымдылығын қосулы қалады.

OULXBER,00029DA -KK-10FEB16-1/1

Сыртқы дыбыс көздері

Өртүрлі сыртқы дыбыс көздерін радионың артқы жағындағы AUX кірісі арқылы қосуға болады. Мысалы: Тасымалды ықшам диск ойнатқышы, MiniDisc ойнатқышы немесе MP3 ойнатқышы.

AUX кірісін белсендіру

- Сыртқы дыбыс көзін қосыңыз және дисплейде **AUX** пайда болмағанша **SRC** пернесін бірнеше рет басыңыз.

ЕСКЕРТУ: Сыртқы дыбыс көзі тек аудио құрылғысы сыртқы AUX кірісіне қосылған болса ғана таңдалады.

AUX кірісінің дыбыс деңгейін баптау

Қосылған сыртқы сыртқы дыбыс көзінің дыбыс деңгейін радио режимінегі дыбыс деңгейіне қарай баптауға болады.

ЕСКЕРТУ: AUX кірісінің дыбыс деңгейін тек сол кірісті SRC пернесін пайдаланып дыбыс көзі ретінде таңдаған жағдайда ғана баптауға болады.

1. **SRC** пернесін қалаған дыбыс көзі көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
2. **MENU** пернесін басыңыз. **GAIN** тармағын таңдағанда ағымдық параметр көрсетіледі.
3. Дыбыс деңгейін -9 және +9 арасында орнату үшін, дыбыс деңгейін басқару тұтқасын солға немесе оңға бұрау арқылы 0 деңгейі радио режимінде орнатылған деңгейге сәйкес келеді.
4. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,00029DB -KK-09FEB16-1/1

Ықшам диск жұмысы (ықшам дискісі бар стандартты радио және Premium радиосы ғана)

Ықшам дискілерді пайдалану (жалпы ақпарат)

Осы радио жүйесінде ықшам дискілер, диаметрі 12 см (4,7 дюйм) болатын CD-R және CD-RW дискілерін ойнатуға болады. Өз ықшам дискілеріңізге жазу барысында олардың 16х жоғары жылдамдықпен жазбайтынын тексеріңіз, әйтпесе ойнату мәселелері туындауы мүмкін.

Дұрыс жұмысты қамтамасыз ету үшін тек ықшам диск логотипі бар стандартты аудио ықшам дискілерін пайдаланыңыз. Көшіруден қорғалған ықшам дискілерде ойнату мәселелері туындауы мүмкін. Кейбір жағдайларда ықшам дискінің көшіруден қорғау схемасы ықшам диск ойнатқышының ықшам дискіні ойнату сәтсіздігін білдіретін оқу қателерін тудырады.

Ойнату тізімдері музыкалық ықшам дискінің түбірлік каталогында сақталған болса, ықшам диск ойнатқышы мұндай файлдардың (ойнату тізімдері) ішіндегі жолақтарды ойната алады. Плей-лист құру туралы қосымша мәлімет алу үшін ықшам дискін жазу бағдарламалық жасақтамасының сипаттамасын қараңыз.

МАҢЫЗДЫ: Ықшам дискінің жетегіне зақым келтіру қаупі бар! Диаметрі 8 см (3 дюйм) болатын ықшам дискілерін және сұлбалы ықшам дискілерін (ықшам диск пішіндес) пайдалануға болмайды.

Ықшам дискілерін абай пайдаланыңыз және оларға зақым келтірмеңіз. Мүмкін болса, ықшам дискілерін тек шеттерінен ұстаңыз.

Қажет болса, мамықсыз шүберекпен сүртіңіз; ешқандай ерітіндіні пайдаланбаңыз. Ықшам дискілерін әрдайым ортасынан сыртына қарай сүртіңіз.

Ықшам дискілерін тікелей күн сәулелерінің астында қалдырмаңыз және оларды қолайлы қорғау қаптарында сақтаңыз.

Ықшам дискілеріне стикерлерді жабыстырмаңыз. Оларды лайықты, сатып алуға болатын қаламмен белгілеген жөн.

Сәйкес емес немесе зақымдалған ықшам дискілерін пайдаланғаннан туындаған зақымдарға кепілдік берілмейді.

OULXBER,00029DC -KK-10FEB16-1/1

Ықшам диск режимін іске қосу

Егер ықшам дискі әлі салынбаса:

1. Ешқандай күш қолданбай, CD дискісін жазуы бар жағын жоғары қаратып CD дискісінің науасына салыңыз. Дискті тірелгенін сезе сала итеруді тоқтатып, ықшам дискінің автоматты түрде енуін күтіңіз. **CD** жазуы көрсетіледі.
2. Ықшам дискін ойнату басталады. Ағымдағы жолақтың нөмірі (мысалы, T12) және ойнату уақыты көрсетіледі.

МАҢЫЗДЫ: Ықшам диск кіріп жатқанда оған кедергі келтірмеңіз және итермеңіз.

ЕСКЕРТУ: Радио жүйесі өшірілген және ықшам диск салынған болса, ол автоматты түрде ішке кіреді, бірақ ойнату басталмайды.

Ықшам диск салынған жағдайда:

1. **CD** жазбасы көрсетілгенше **SRC** пернесін бірнеше рет басыңыз.
2. Ойнату тоқтаған жерінен ары қарай жалғасады. Егер ықшам диск салынбаса, **CD** жазбасы қысқа уақытта көрсетіліп, сонан соң **NO CD INSERTED** жазбасы көрсетіледі.

OULXBER,00029DD -KK-10FEB16-1/1

Ықшам дискіні шығару

ЕСКЕРТУ: Ықшам дискіні радио жүйесі өшірулі тұрғанда немесе басқа аудио көзінен ойнату барысында шығаруға болады.

Ықшам дискіні шығару үшін, **ықшам дискіні шығару пернесін** басыңыз. Ықшам диск шыққан кезде **CD EJECT** жазуы қысқаша көрсетіледі. Ықшам дискін алып тастағыннан кейін **CD EJECT** жазуы көрсетілмейді.

МАҢЫЗДЫ: Ықшам диск шығып жатқанда оған кедергі келтірмеңіз және тимеңіз.

ЕСКЕРТУ: Ықшам диск 10 секунд ішінде шығарылмаса, ол автоматты түрде қайта салынады.

OULXBER,00029DE -KK-10FEB16-1/1

Ықшам дискімен жұмыс істеу (ойнату функциясы)

Ойнатуға кеткен немесе қалған уақытты көрсету	Ағымдағы жолақтың ойнауға кеткен (ELAPSED) және қалған (REMAIN) уақытының дисплейлері арасында ауысу үшін пернелер жиынындағы 6 пернесін басыңыз.
Жолақты таңдау	Келесі немесе алдыңғы жолақты таңдау үшін ► немесе ◀ пернелерін басыңыз. Егер ағымдағы жолақ 10 секундтан аса ойнатылған болса, ◀ пернесін бір рет басқанда ол қайтадан басталады.
Жылдам сканерлеу (дыбыстық)	Жылдам алға немесе артқа айналдыру үшін, ◀ немесе ► пернесін басыңыз. Қалаған нүкте табылғанда пернені жіберіңіз.
Кездейсоқ ойнату (MIX ALL)	Пернелер жиынындағы 3 пернесін басыңыз. MIX ALL жазуы қысқаша көрсетіліп, сонан соң MIX жазуы көрсетіледі. Келесі жолақтар кездейсоқ таңдалады.
MIX фунуциясын тоқтату	Пернелер жиынындағы 3 пернесін қайтадан басыңыз. MIX OFF жазуы қысқаша көрсетіліп, сонан соң MIX жазуы көрсетілмейді. Ойнату қалыпты жалғасады.
Жолақтарды іздестіру (SCAN TRK)	Барлық жолақтарды бір-бірден шамамен 10 секундқа ойнату үшін пернелер жиынындағы 4 пернесін басыңыз. SCAN TRK жазбасы қысқа уақытта көрсетіледі. Сканерлеуді тоқтатып, жолақты ойнатуды жалғастыру: Сканерлеу процесін тоқтату үшін, пернелер жиынындағы 4 пернесін қайтадан басыңыз. SCAN OFF жазуы қысқаша көрсетіледі. Ағымдағы жолақты ойнату жалғасады.
Жолақты қайталау (RPT TRK)	Пернелер жиынындағы 2 пернесін басыңыз. RPT TRK жазуы қысқаша көрсетіліп, сонан соң RPT жазуы көрсетіледі. Ағымдағы жолақ RPT функциясы өшірілгенше қайталанады. Жолақтың қайталануын тоқтату (RPT): Пернелер жиынындағы 2 пернесін қайтадан басыңыз. RPT OFF жазуы қысқаша көрсетіліп, сонан соң RPT жазуы көрсетілмейді. Ойнату қалыпты жалғасады.
Плей-листтегі жолақтарды ойнату	Егер плей-лист түп каталогта жасақталған және сақталған болса, оны PLST режимінде ойнатуға болады. TA пернесін басып, PLST ON жазуы пайда болғанша ұстап тұрыңыз. Плей-листтің бірінші жолағын ойнату 2 секундтан кейін басталады. Егер бірнеше плей-лист бар болса (барлығы түпкі каталогта), ▲ және ▼ пернелерін пайдаланып қалаған плей-листті таңдаңыз. Дерек тасу құралында плей-лист болмаса, TA пернесін басып, ұстап тұрғанда NO PLST жазуы көрсетіледі. PLST режимінде болғанда басқа каталогтарға өте алмайсыз. Басқаларына ауысу үшін PLST режимін өшіру керек. TA пернесін басып, PLST OFF жазуы пайда болғанша ұстап тұрыңыз. Бірінші каталогтағы бірінші жолақты ойнату 2 секундтан кейін басталады.
Ойнатуды кідірту (PAUSE)	Пернелер жиынындағы 1 пернесін басыңыз. PAUSE жазуы көрсетіледі. Кідіртуді болдырмау: Пернелер жиынындағы 1 пернесін қайтадан басыңыз. Ойнату жалғасады.

OULXBER,00029DF -KK-11FEB16-1/1

MP3 жұмысы (жалпы ақпарат)

Осы радио жүйесінде MP3 және WMA музыка файлдары бар CD-R және CD-RW дискілерін ойнатуға болады. MP3 және WMA файлдарымен жұмыс үрдісі бірдей болғандықтан, бұл бөлім тек MP3 файлдарын ойнатуды сипаттайды. MP3 дерегін тасу құралдары дегенде әрдайым CD-R/RW дискілері тұспалданады.

Бұл радио жүйесінде онлайн музыка дүкендеріндегі сандық құқықтар басқармасы бар WMA файлдары ойнатылмайды.

WMA файлдары тек Windows Media Player™ 8 немесе кейінгі нұсқасымен жасалған болса қауіпсіз ойнатылады.

OULXBER,0002A13 -KK-09FEB16-1/1

MP3 ықшам дискін жасақтау

Қолдан жасалған ықшам дискілермен мәселелер туындаса, басқа өндірушінің немесе басқа түсті таза ықшам дискін пайдаланыңыз.

Ықшам дискі форматы ISO 9660 стандартының 1 немесе 2-деңгейіне немесе Joliet сай болуы керек. Басқа форматтар дұрыс ойнатылмайды.

Аудио файлдарын MP3/WMA файлдарын түрлендіргенде (кодтағанда) MP3 файлдары үшін 32 - 320 Кбит/с, WMA файлдары үшін 32 - 192 Кбит/с биттік жылдамдықты пайдаланыңыз.

Бұл радио жүйесі 252-ге дейінгі каталог санына және бір каталогта 255 файлға қолдау көрсетеді. Ықшам дискіде 512-ден артық каталогтар мен файлдар болмауы керек. Ықшам дискідегі каталогтар мен жолақтарды/файлдарды жеке-жеке таңдауға болады.

ЕСКЕРТУ: Егер файл аттарында таңбалар саны 16-дан артық болса (.mp3 немесе .wma файл кеңейтімдерін қоса), жолақтар/файлдар мен каталогтардың максималды саны азаяды.

Ықшам диск құрылымының орналасу мысалы:


Әр каталогтың атын дербес компьютер арқылы қоюға болады. Каталог атын радио жүйесінде көрсетуге болады. Каталогтар мен жолақтарға/файлдарға атын ықшам дискіні жазу бағдарламалық жасақтамасында сипатталғандай ат қойыңыз.

ЕСКЕРТУ: Каталогтар мен жолақтарға/файлдарға ат қойған кезде арнайы таңбаларды (немесе ä, ù, ö, é, ø және т.б. сияқты өдеттегі еуропалық таңбаларды) пайдаланбаңыз.

Егер файл аттарында таңбалар саны 16-дан артық болса (.mp3 немесе .wma файл кеңейтімдерін қоса), жолақтар/файлдар мен каталогтардың максималды саны азаяды.

Файлдарды дерек тасығышқа қалаған ойнату реттілігімен сақтаңыз. Радио жүйесі файлдарды дерек тасу құралына физикалық жолмен сақтаған ретімен ойнатады.

Бұл радио жүйесі тек .mp3 кеңейтімді MP3 файлдарын және .wma кеңейтімді WMA файлдарын ойнатады.



LX1054599

A—Каталогтар (файлдар)

B—Жолақтар/файлдар

- MP3 файлдарынан басқа файлдарға .mp3 кеңейтімі берілсе, файлдар жарамсыз болып, ойнатылмайды.
- Егер ықшам дискіде MP3 пішіміндегі және MP3 пішімінен басқа жолақтар/файлдар қатар келсе, радио жүйесі тек MP3 файлдарын ойнатады.
- Егер аралас режимді ықшам дискілерде CD аудио жолақтары/файлдары мен MP3 жолақтары/файлдары қатар келсе, радио жүйесі тек CD аудио жолақтарын/файлдарын ойнатады.

ЕСКЕРТУ: Аралас медиа ықшам дискісін пайдалану радиода құрылғы қатесін тудыруы мүмкін.

OULXBER,0002A14 -KK-10FEB16-1/1

USB дерек тасығышын жасақтау

Радио жүйесі USB дерек тасу құралын тануы үшін ол алмалы дерек сақтау құрылғысы ретінде анықталып, FAT16 немесе FAT32 файл жүйесіне пішімделген болуы керек. Аудио файлдары MP3 немесе WMA пішімінде сақталуы керек.

USB дерек тасу құралында максималды 5000 жолақты (ID3 тегтерісіз) сақтауға немесе пайдалануға болады.

Каталогтар мен жолақтарды жеке таңдауға және ойнатуға болады. ID3 тегтері бар аудио файлдары пайдаланылса, максималды пайдаланатын жолақтар саны азайтылады.

Нарықта қолжетімді барлық USB дерек тасу құрылғыларының дұрыс жұмыс істейтініне кепіл жоқ.

OULXBER,0002A15 -KK-09FEB16-1/1

ID3 тегтері

Аудио файлдары орындаушы, жолақ аты, альбом аты сияқты қосымша ақпараттарды қамтуы мүмкін (ID3

тегтері). Бұл радио жүйесі ID3 тегтерінің тек 1 және 2-нұсқаларын көрсетеді.

OULXBER,0002A16 -KK-09FEB16-1/1

Ықшам дискінен MP3 режимін іске қосу

MP3 ықшам дискі салынғанда MP3 CD режимі автоматты түрде басталады. "Ықшам дискі режимін іске қосу" мақаласында берілген сипаттамаларды да қараңыз.

Ағымдағы жолақтың нөмірі (мысалы Ж12), ойнау уақыты және жолақ ақпараты (ID3 тегтері) немесе файл аты көрсетіледі. Каталогтарды ауыстырғанда каталог аты қысқаша көрсетіледі.

OULXBER,0002A17 -KK-09FEB16-1/1

USB дерек тасу құрылғысын қосу және MP3 режимін іске қосу

USB дерек тасу құрылғысын (мысалы USB флешкасы немесе USB жетегі) қоса алу үшін USB кабелі сыртқы USB портына қосылған болуы керек (көліктің механик-жүргізуші нұсқаулығын да қараңыз).

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жасалуы бойынша USB дерек тасу құрылғылары USB портына тікелей жалғау үшін икемді емес. Адам жарақатын болдырмау үшін USB дерек тасу құрылғылары тек қосымша жалғау кабелімен пайдаланылуы тиіс.

USB дерек тасу құрылғысын USB кабеліне жалғаңыз. Жалғағаннан кейін, USB дерек тасу құрылғысын **SRC 12** пернесін басып таңдауға болады. Содан кейін **USB** жазуы көрсетіледі.

Ойнатуға кеткен немесе қалған уақытты көрсету

Ағымдағы жолақтың ойнауға кеткен (ELAPSED) және қалған (REMAIN) уақытының дисплейлері арасында ауысу үшін пернелер жиынындағы **6** пернесін басыңыз.

Жолақ ақпараты дисплейі (ID3 тегтері)

Егер аудио файлдарында ID3 тегтері болса, әр жолақ басталғанда оған қатысты ақпарат сырғытылып көрсетіледі. Егер аудио файлында ID3 тегтер болмаса, тек файл аты көрсетіледі.

ЕСКЕРТУ: ID3 тегтерін жасау үшін дербес компьютерлік MP3 бағдарламалық жасақтамасындағы немесе жазу бағдарламалық жасақтамасындағы тиісті сипаттамаларды қараңыз.

Жолақ ақпаратын бір рет сырғып өтетін мәтін ретінде көрсету үшін **5** пернесін басыңыз. Ағымдағы жолақтың ID3 тегтері бір рет сырғытын мәтін ретінде көрсетіледі.

ЕСКЕРТУ: Бұл функция жолақ ақпаратын сырғытын мәтін ретінде көрсету өшірілген болса іске аспайды. "Жолақ ақпаратының жылжымалы мәтін ретіндегі көрсетілімін қосу/өшіру (SCRL)" мақаласын қараңыз.

OULXBER,0002A18 -KK-09FEB16-1/1

Жылжымалы жолақ ақпаратын қосу/өшіру (SCRL)

1. CD немесе MP3/WMA режимін таңдаңыз.
2. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.
3. **MENU** пернесін **SCRL** жазуы және ағымдық параметр **OFF** немесе **ON** көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
4. Жолақ ақпаратымен сырғитын мәтінді көрсетуді қосу немесе өшіру үшін дыбыс деңгейін басқару

элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.

5. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.
6. **SCRL OFF** таңдалған болса: Әр жолақтың басында жолақ аты көрсетіледі/жылжытылады. Содан кейін жолақ нөмірі мен уақытының әр екеуі де жолақтың қалған ойнау уақыты үшін көрсетіледі.

OULXBER,0002A19 -KK-10FEB16-1/1


MP3 немесе WMA файлдарын ойнату

Каталогты таңдау	Басқа каталогқа ауысу үшін немесе төмен түсу үшін ▲ немесе ▼ пернесін басыңыз. Қосалқы каталогтарға да осы жолмен қатынауға болады. Жарамды аудио файлдары жоқ каталогтар өткізіп жіберіледі.
Жолақты таңдау	Келесі немесе алдыңғы жолақты таңдау үшін ► немесе ◀ пернелерін басыңыз. Егер ағымдағы жолақ 10 секундтан аса ойнатылған болса, ◀ пернесін бір рет басқанда ол қайтадан басталады.
Жылдам сканерлеу (дыбыстық)	Жылдам алға немесе артқа айналдырып ойнату үшін ◀ немесе ► пернесін басыңыз. Қалаған нүкте табылғанда пернені жіберіңіз.
Кездейсоқ ойнату (MIX ALL) (дерек тасу құрылғысындағы барлық жолақтар)	Пернелер жиынындағы 3 пернесін MIX ALL жазуы көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз. MIX жазуы көрсетіледі және MP3 дерек тасу құрылғысындағы барлық жолақтар кездейсоқ ретпен ойнатылады.
Кездейсоқ ойнату (MIX DIR) (каталогтағы немесе файлдағы барлық жолақтар)	Пернелер жиынындағы 3 пернесін MIX DIR жазуы көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз. MIX жазуы көрсетіледі және MP3 каталогындағы барлық жолақтар кездейсоқ ретпен ойнатылады.
MIX фунуциясын тоқтату	Пернелер жиынындағы 3 пернесін қайтадан басыңыз. MIX OFF жазуы қысқаша көрсетіліп, сонан соң MIX жазуы көрсетілмейді. Ойнату қалыпты жалғасады.
Жолақтарды іздестіру (SCAN TRK) (дерек тасу құрылғысындағы барлық жолақтар)	MP3 дерек тасу құрылғысындағы барлық жолақтарды өсу ретімен шамамен 10 секундқа ойнату: Пернелер жиынындағы 4 пернесін SCAN TRK жазуы көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.
Жолақтарды іздестіру (SCAN FLD) (каталогтағы немесе файлдағы барлық жолақтар)	MP3 каталогындағы барлық жолақтарды өсу ретімен шамамен 10 секундқа ойнату: Пернелер жиынындағы 4 пернесін SCAN FLD жазуы көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз. Сканерлеуді тоқтатып, жолақты ойнатуды жалғастыру: Іздестіру үрдісін тоқтату үшін пернелер жиынындағы 4 пернесін қайтадан басыңыз. SCAN OFF жазуы қысқаша көрсетіледі. Ағымдағы жолақты ойнату жалғасады.
Жолақты немесе каталогты (RPT TRK) және (RPT DIR) қайталау	Жолақты қайталау: Пернелер жиынындағы 2 пернесін басыңыз. RPT TRK жазуы қысқаша көрсетіліп, сонан соң RPT жазуы көрсетіледі. Ағымдағы жолақ RPT функциясы өшірілгенше қайталанады. Каталогты қайталау: Пернелер жиынындағы 2 пернесін басыңыз. RPT DIR жазуы қысқаша көрсетіліп, сонан соң RPT жазуы көрсетіледі. Ағымдағы каталог RPT функциясы өшірілгенше қайталанады. Қайталауды тоқтату: Пернелер жиынындағы 2 пернесін қайтадан басыңыз. RPT OFF жазуы қысқаша көрсетіліп, сонан соң RPT жазуы көрсетілмейді. Ойнату қалыпты жалғасады.
Плей-листтегі жолақтарды ойнату	Егер плей-лист түп каталогта жасақталған және сақталған болса, оны PLST режимінде ойнатуға болады. TA пернесін басып, PLST ON жазуы пайда болғанша ұстап тұрыңыз. Плей-листтің бірінші жолағын ойнату 2 секундтан кейін басталады. Егер бірнеше плей-лист бар болса (барлығы түпкі каталогта), ▲ және ▼ пернелерін пайдаланып қалаған плей-листті таңдаңыз. Дерек тасу құралында плей-лист болмаса, TA пернесін басып, ұстап тұрғанда NO PLST жазуы көрсетіледі. PLST режимінде болғанда басқа каталогтарға өте алмайсыз. Басқаларына ауысу үшін PLST режимін өшіру керек. TA пернесін басып, PLST OFF жазуы пайда болғанша ұстап тұрыңыз. Бірінші каталогтағы бірінші жолақты ойнату 2 секундтан кейін басталады.
Ойнатуды кідірту (PAUSE)	Пернелер жиынындағы 1 пернесін басыңыз. PAUSE жазуы көрсетіледі. Кідіртуді болдырмау: Пернелер жиынындағы 1 пернесін басыңыз. Ойнату жалғасады.

OULXBER,0002A1A -KK-11FEB16-1/1

Bluetooth® жұмысы, жалпы ақпарат

LX245298 —UN—27JUL15



Бұл радио жүйесі кірістірілген Bluetooth® модулімен жабдықталған. Радио байланысының көмегімен Bluetooth® радио жүйесі мен ұялы телефон сияқты жұпталған жақын ауқымдағы Bluetooth® құрылғысымен қауіпсіз дерек алмасуға мүмкіндік береді.

Радио келесі функцияларға қолдау көрсетеді:

- Bluetooth® функциясын қолмен қосу және өшіру.
- Радио жүйесі мен ұялы телефон арасында тұрақты бірігуді (жұптастыру) қамтамасыз ету.
- Радио жүйесі қосылуы тұрғанда алдында біріктірілген ұялы телефонмен автоматты жұптастыру.
- Жұпталған ұялы телефондағы телефон кітабынан 4 телефон нөмірінен тұратын 252 контактіні жүктеп алу.
- Тасымалданған контактілерді зерттеу.
- Телефон қоңырауларын қабылдау және жасау.
- Аудио файлдарын ойнату.

Солтүстік Америкаға арналған ережелер

FCC ID (АҚШ Федералды байланыс комиссиясының идентификаторы): YBN-JD-BASE4

IC (Канаданың Индустрия министрлігі): 9595A-JD-BASE4

FCC 15.19 бөлімі, затбелгі қою талаптары

Бұл құрылғы FCC (Федералды байланыс комиссиясы) ережелерінің 15-бөліміне және Канаданың өнеркәсіп министрлігінің лицензиясынан босатылған RSS стандарт(тар)ына сай келеді. Жұмыс төмендегі екі шартқа бағынықты:

Ресейге арналған Bluetooth® сертификаттау жапсырмасы

1. Бұл құрылғы қауіпті кедергілерге әкелмеуі мүмкін.
2. Бұл құрылғы кез келген қабылданған кедергілерді, соның ішінде жағымсыз жұмысқа себеп болатын кедергілерді қабылдауы қажет.

FCC 15.21 бөлімі: "Пайдаланушыға арналған ақпарат"

Сәйкестікке жауапты тараппен тікелей түрде мақұлдандырылған өзгертулер мен түрлендірулер пайдаланушының жабдықпен жұмыс істеу құқығының күшін жою мүмкін.

Мексикаға арналған ережелер

NOM-121-SCT1-2009

Осы жүйенің жұмысы келесі екі шартқа бағынықты:

1. Бұл жүйе немесе құрылғы қауіпті кедергілерді тудырмауы керек.
2. Бұл жүйе немесе құрылғы кез келген қабылданған кедергілерді, соның ішінде жағымсыз жұмысқа себеп болатын кедергілерді қабылдауы қажет.

OULXBER,0002A0B -KK-11FEB16-1/1

Bluetooth® орнату

Келесі қадамдарды Bluetooth® құрылғысын пайдаланудан бұрын орындау қажет:

1. Bluetooth® функциясын қосу
2. Байланыс түрін таңдау (телефон/аудио)
3. Радионы ұялы телефон немесе басқа Bluetooth® құрылғысымен жұптастыру

Ұялы телефон сәтті жұптастырылып болғаннан кейін, телефон қоңырауларын радио жүйесі арқылы қабылдауға және жасауға болады. Оған қоса, Bluetooth® құрылғысында сақталған MP3 музыка файлдарын да радио жүйесі арқылы ойнатуға болады.

OULXBER,0002A0C -KK-10FEB16-1/1

Bluetooth® қосу/өшіру (BT MODE)

Bluetooth® функциясын әрбір режимде қосуға немесе өшіруге болады (радио, CD, USB, AUX, XM). Bluetooth® қосылған кезде, оған сәйкес таңба жыпықтайды.

ЕСКЕРТУ: Bluetooth® таңбасы Bluetooth® қосылған және құрылғы жұптастырылған кезде тұрақты көрсетіліп тұрады.

1. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.
2. **MENU** пернесін **BT MODE** жазуы көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз. Ағымдық параметр **BT OFF**

немесе **BT ON** жазулары көрсетілгенше 2 секунд күте тұрыңыз.

3. Bluetooth® функциясын қосу немесе өшіру үшін дыбыс деңгейін басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз. 2 секундтан кейін жаңа параметр іске еніп, Bluetooth® таңбасы жыпықтай бастайды.
4. **CON-TYPE** тармағын ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз немесе ағымдағы таңдалған режимге автоматты түрде қайтуын күте тұрыңыз.

OULXBER,0002A0D -KK-09FEB16-1/1

Байланыс түрін таңдау (CON-TYPE) және құрылғыларды жұптастыру (BT-PAIR)

Осы радио жүйесімен Bluetooth® телефон және Bluetooth® аудио функцияларын пайдалануға болады. Бұл таңдауды CON-TYPE мәзірінде жасауға болады.

ЕСКЕРТУ: "CON-TYPE" тек Bluetooth® қосулы тұрған кезде ғана көрсетіледі (BT ON).

Байланыс түрін таңдау (CON-TYPE)

1. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.
2. **MENU** пернесін **CON-TYPE** жазуы көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз. Қосалқы мәзір **BT PHONE** немесе **BT AUDIO** жазулары көрсетілгенше 2 секунд күте тұрыңыз.
3. **BT PHONE** немесе **BT AUDIO** таңдау үшін дыбыс деңгейін басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
4. Келесі **BT PAIR** мәзірін ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз немесе болдырмау үшін **TA** пернесін басыңыз.

Bluetooth® құрылғыларын жұптастыру (BT-PAIR)

1. Мәзірді ашу үшін **MENU** пернесін басыңыз.
2. **MENU** пернесін **BT PAIR** жазуы көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз. Қосалқы мәзір **VISIBLE**

немесе **BT AUDIO** жазулары көрсетілгенше 2 секунд күте тұрыңыз. Тағы 2 секундтан кейін **PIN XXXX** көрсетіледі (XXXX сандардың жеке реттілігін білдіреді).

3. Ұялы телефонда Bluetooth® функциясын қосып, "Жаңа құрылғы" немесе BOSCH BT (алдын ала орнатылған болса) тармағын таңдаңыз және байланыс іздеуін бастаңыз. Ұялы телефон байланысты орнатып болғаннан кейін, PIN кодын енгізу ұсынылады.
4. Енді радиодағы сандарды енгізіңіз (XXXX) және қажет болса, мақұлдаңыз.
5. Жұптастыру сәтті өтсе, Bluetooth® таңбасы және **PAIRED** көрсетіледі, сонан соң 2 секундтан кейін **BT JOIN** жазуы, содан кейін жұптастырылған телефонның байланыс аты көрсетіледі.

*ЕСКЕРТУ: Жұптастыру сәтсіз болса, **NO PAIR** көрсетіледі және радио дереу алдыңғы режимге өтеді. Жаңадан жұптастырып көруге болады.*

6. Байланыс аты 10 секунд көрсетіледі және сонан соң радио жүйесі жұптастыруға дейінгі таңдалған режимге оралады.

OULXBER,0002A0E -KK-10FEB16-1/1

Ағымдағы уақытта қосулы Bluetooth® құрылғысы (BT-JOIN)

Радио жүйесімен 5 ұялы телефонға дейін байланыстыруға болады. Соңғы рет байланыстырылған ұялы телефон автоматты түрде қайта байланыстырылып **BT JOIN** тармағында көрсетіледі. Басқа алдын ала жұптастырылған ұялы телефонды байланыстыру керек болса, алдымен

қолжетімді ауқымдағы телефондардың барлығының Bluetooth® функциясы өшірілген болуы қажет. Қалаған ұялы телефонды радио жүйесімен қайта жұптастыруға болады.

Радио жүйесімен 5 құрылғыға дейін жұптастыруға болады. Егер басқа құрылғы жұптастырылған болса, ең ұзақ сақталған құрылғы жойылады.

OULXBER,0002A0F -KK-10FEB16-1/1

Телефон кітапшасының деректерін тасымалдау және оларға қатынасу

Телефон кітапшасының деректерін тасымалдау:

Сәтті жұптастырғаннан кейін радио жүйесіне қосылған ұялы телефоннан 4 телефон нөмірінен тұратын 252 контактке дейін әрқайсысы тасымалданады. Тасымалдау өндік режимде автоматты түрде орындалады. Бұл үрдіс туралы ақпарат көрсетілмейді. Телефон деректеріне Bluetooth® белгісі жыпықтай тоқтағанда қатынасуға болады.

Телефон кітабының деректеріне қатынасу:

Телефон кітабының деректері (телефон нөмірлері, контакт аттары және т.б.) тізімде сақталады. Бұл тізімді **SRC** пернесін басып, ұстап тұру арқылы көрсетуге, сонан соң көрсеткі пернелерін пайдаланып іздеуге болады. Болдырмау үшін **SRC** пернесін қайтадан басыңыз немесе **MENU** пернесін басыңыз.

1. Тізімді ашу үшін **SRC** пернесін 3 секундтан артық басып ұстап тұрыңыз.
2. Алғашқы контакт көрсетіледі.
3. Әліпбидегі келесі әріпке өту үшін ► пернесін басыңыз.
4. Әліпбидегі алдыңғы әріпке өту үшін ◀ пернесін басыңыз.
5. Келесі контактты көрсету үшін ▼ пернесін басыңыз.
6. Алдыңғы контактты көрсету үшін ▲ пернесін басыңыз.
7. Тізімді жабу үшін **MENU** пернесін басыңыз.

ЕСКЕРТУ: Келген қоңыраулар басымдылыққа ие. Тізім жабылып, соңғы таңдалған режим көрсетіледі. Телефон ақпараты әрбір телефон қоңырауынан кейін жаңартылады.

OULXBER,0002A10 -KK-10FEB16-1/1

Қоңырауларды қабылдау және шалу

Радио жүйесі ұялы телефонмен байланысқан кезде, қоңырауларды қабылдауға және таратуға болады.

Қоңырауға жауап беру

Қоңырау келіп түскен кезде, шылдыр дыбыс шығады және **CALL** көрсетіледі. 2 секундтан кейін дисплей өзгереді және байланысушы аты немесе қоңырау шалушының нөмірі көрсетіледі. Егер сәйкес ақпарат болмаса, **PRIVATE NUMBER** көрсетіледі.

1. Қоңырауға жауап беру үшін **BND** пернесін басыңыз. (Қоңырауды қабылдамау үшін **MENU** пернесін басыңыз.)
2. Қажет болса, телефонның дауыс қаттылығын реттегішті пайдаланып баптаңыз.
3. Қоңырауды аяқтау үшін **MENU** пернесін басыңыз. **CALL END** 2 секундқа көрсетіледі және радио жүйесі ағымдағы таңдалған режимге оралады.

Телефонмен тапсырыс жасау

1. Байланыстар тізімін ашу үшін **SRC** пернесін 3 секундтан артық басып ұстап тұрыңыз.

2. Қалаған байланысты таңдау үшін көрсеткі пернелерді пайдаланыңыз және байланыс орнату үшін **BND** пернесін басыңыз.
3. Байланыс орнатылғаннан кейін, **IN CALL** көрсетіледі.
4. Қажет болса, телефонның дауыс қаттылығын реттегішті пайдаланып баптаңыз.
5. Қоңырауды аяқтау үшін **MENU** пернесін басыңыз. **CALL END** 2 секундқа көрсетіледі және радио жүйесі ағымдағы таңдалған режимге оралады.

ҮНСІЗ функциясы: Егер әңгімелесу барысында, On/Off пернесі басылып кетсе, микрофон арқылы дыбыс өткізу өшіріледі (Үнсіз). Қайтадан on/off пернесін басу дыбыс өткізуін іске қосады.

ЕСКЕРТУ: Телефон соғу барысында келіп түскен кіріс қоңыраулар шылдыр дыбыспен хабарланады. Рингтон дыбысы өшкен соң, кіріс қоңырау автоматты түрде қабылданбайды.

OULXBER,0002A11 -KK-09FEB16-1/1

Аудио файлдарын ойнату (BT AUDIO)

Бұл радио жүйесі A2DP¹ Bluetooth® стандартына қолдау көрсетеді. Ұялы телефон немесе аудио ойнатқышы A2DP стандартына қолдау көрсетсе, қолдау көрсетілген музыка файлдарын радио жүйесіне сымсыз түрде тасымалдап, стерео сапасында ойнатуға болады. Ойнату үшін: **CON-TYPE** мәзірінен **BT AUDIO** байланыс түрі таңдалуы қажет, сонан соң Bluetooth® құрылғысын жұптастыру қажет. Сәтті жұптастырғаннан кейін музыка файлдарын тыңдау үшін **SRC** пернесін пайдаланып **BT AUDIO** режиміне еніңіз.

Құрылғыны радиомен жұптастыру: Осы бөлімдегі "Байланыс түрін таңдау (CON-TYPE)" және "Құрылғыларды жұптастыру (BT-PAIR)" мақалаларын қараңыз.

Сәтті жұптастырғаннан кейін:

1. **SRC** пернесін **BT AUDIO** режимі көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз. Жолақтарды ойнату автоматты түрде басталады және ұялы телефон/аудио ойнату құрылғысының параметріне байланысты файл біткенше, каталог аяқталғанша немесе шексіз ойнайды. Қолжетімді болса және SCRL функциясы қосулы болса жолақ ақпараты сырғитын мәтін ретінде көрсетіледі. Жолақ

¹A2DP (Advanced Audio Distribution Profile) - стерео аудио сигналдарын Bluetooth® арқылы үйлесімді қабылдағышқа тасымалдауға мүмкіндік беру үшін кеңінен пайдаланылатын тасымалдау технологиясы.

ақпараты қолжетімді болмаса, **TITLE UNKNOWN** жазбасы көрсетіледі.

ЕСКЕРТУ: Bluetooth® белгісі беткі тақтада жыпылықтау тоқтағанға дейін аудио көзі қолжетімді болмайды.

2. Ойнатудың дыбыс деңгейін баптау үшін дыбысты басқару элементін пайдаланыңыз.
3. Ойнатуды кідірту үшін **||| ▶** кідірту пернесін басыңыз. Ойнатуды жалғастыру үшін кідірту пернесін қайта басыңыз. Бұл функция тек ұялы телефон/ойнату құрылғысы қолдау көрсетсе ғана қолжетімді.
4. BT аудио режимінде ойнату барысында қосу/өшіру түймесін (дыбысты өшіру) бір рет басу динамик ойнатылуын кідіртп қояды.

ЕСКЕРТУ: Жұптастырылған құрылғыдағы дыбыс деңгейі радионың аудио шығысына әсер етеді. Құрылғының дыбыс деңгейі тым төмен қойылған болса, радионың аудио шығысын ести алмайсыз.

ЕСКЕРТУ: BT AUDIO режимінде телефон функциясы белсенді болады және музыка ойнатылуынан басым түседі. Осыған орай, қоңырау барысында музыканы ойнату кідіріледі.

SiriusXM® радиосы, жалпы ақпарат

Қызметті бізбен 1-866-635-2349 телефоны арқылы хабарласып өшіртпегенше автоматты түрде жаңарады және ағымдық тарифпен бағаланады. Толық шарттарға клиент келісімін www.siriusxm.com веб-торабынан қараңыз. Басқа төлемдер мен салықтар кіреді. Барлық төлемдер мен бағдарламалауды өзгертуге болады. XL жиі қолданылатын нақты тілді немесе ересек бағдарламалауды қамтуы мүмкін. SiriusXM тыңдаушы қамқорлығы қызметіне 1-800-967-2346 телефон нөмірі арқылы хабарласып, "Family Friendly ("Отбасылық достастық") бумаларымыз туралы сұрақтар қойыңыз; Канададағы телефонымыз 1-877-438-9677. XM спутниктік қызметтері АҚШ-тың 48 штатындағы (Аляска мен Гавай аралдарын қоспағанда) және Колумбия округіндегі 18 жастағы және одан ересек азаматтарына арналған. Бағдарлама кестелері мен жазылыстар туралы қосымша ақпарат алу үшін www.siriusxm.com веб-торабымызға кіріңіз; Канададағы веб-торабымыз www.siriusxm.ca. Жазылыс үшін де қоңырау шалуыңызға болады. АҚШ

клиенттері үшін: 1-800-967-2346; Канада клиенттері үшін: 1-877-438-9677.

ЕСКЕРТУ: SiriusXM® спутниктік радио жүйесімен үйлесімді қабылдағыштардағы немесе SiriusXM® веб-торабына қолдау көрсететін онлайн қызметтерін немесе оның кез келген құрамын көшіруге, қайта жасақтауға, бөлшектеуге, басқашалай құруға, бұзып ашуға, амал-айла жасауға немесе кез келген амалмен технологияны немесе басқа да кірістірілген бағдарламалық жамақтаманы көпшілікке қолжетімді етуге тыйым салынады. Оған қоса, осы өнімде қамтылған AMBE® дауысты қысымдау бағдарламалық жасақтамасы патенттік құқықтарды, көшірме құқықтарын және Digital Voice Systems, Inc. компаниясының сауда құпияларын қамтитын интеллектуалдық меншікті қорғау құқықтарымен қорғалған.

Канада: Алыс солтүстік ендіктерде қызметтің нашарлауы орын алуы мүмкін. Бұл SiriusXM® спутниктік радиосының басқара алмайтын құбылысы болып табылады.

OULXBER,00029FC -KK-09FEB16-1/1

XM сериялық нөмірін көрсету

1. Блокнотты және қаламды дайын ұстап тұрыңыз.
2. **XM** көрсетілмегенше **SRC** пернесін бірнеше рет басыңыз.
3. 2 секундтан кейін **CHN 0** арнасы көрсетіледі.
4. Сонан соң **RADIO ID** көрсетіледі. Тағы 2 секундтан кейін сегіз сандық XM сериялық нөмірі (1A2B3C4D ұқсас) 10 секунд бойы көрсетіледі.

5. Нөмірді жазып алыңыз; бұл код спутниктік радио қызметіне жазылу үшін қажет болады.

ЕСКЕРТУ: 0 арнасында дисплей CHN 0 (2 секунд), РАДИО ИД (2 секунд) және сериялық нөмір (10 секунд) арасында ауысып отырады. Бұл әрекет механик-жүргізуші 0 арнасында ұзақ уақыт қосулы болған сайын шексіз қайталанады.

OULXBER,0002A1C -KK-11FEB16-1/1

XM радио режимі

ЕСКЕРТУ: XM режимі тек Солтүстік Американың Premium радиоларында қолжетімді. Ықшам дискісі жоқ Premium радиосы (АҚШ) үшін, тек "XM Ready", механик-жүргізуші XM тюнерін радиодан бөлек сатып алуы керек.

Бұл радио жүйесі спутник арқылы сандық радио сигналдарын қабылдау үшін XM тюнерімен жабдықталған (мысалы, XM радиосы). 6 радиостанция пернесіне тағайындауға болатын әрқайсысында 6

арнаға дейін болатын үш XM диапазоны (XM1, XM2 және XM3 жады деңгейлері) бар.

CAT функциясын пайдаланып, оларды бағдарлама түрлеріне (санаттарына) сай арнайы таңдауға болады.

ЕСКЕРТУ: Спутниктік радио қызметтері ақылы және пайдаланушы оған жазылуы тиіс! Жазылу үшін қабылдағыштың сериялық нөмірі қажет болады. Осы бөлімдегі "XM сериялық нөмірін көрсету" мақаласын қараңыз.

OULXBER,00029FD -KK-11FEB16-1/1

XM радио режимін іске қосу

Егер радио жүйесі қазір басқа режимде болса:

SRC пернесін **XM** және арна нөмірі "CHN X" (X - сан болып табылады) пайда болмағанша бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,00029FE -KK-09FEB16-1/1

XM диапазонын таңдау (Жады деңгейі)

XM1 диапазоны зауыттық параметр ретінде орнатылған. Жад деңгейлері арасында ауысып қосылу үшін, **BND** пернесін басыңыз.

Таңдалған XM диапазонының аты дисплейдің төменгі сол жақтағы бұрышында көрсетіледі.

OULXBER,00029FF -KK-11FEB16-1/1

Таңдалған XM арналары

XM арналарын сол және оң жақ ◀ ▶ көрсеткі пернелерін пайдаланып таңдауға болады. Санат іздеу режимі қосулы болса, тек таңдалған санатқа сәйкес келетін арналар ғана қолжетімді болады.

- Келесі арнаға өту үшін ▶ пернесін басыңыз.
- Алдыңғы арнаға өту үшін ◀ пернесін басыңыз.

Таңдалған арнаның нөмірі көрсетіледі.

OULXBER,0002A00 -KK-11FEB16-1/1

XM арналарын сақтау

XM арналарын радиостанция пернелерін сақтау аналогтық радиостанцияларын сақтаумен бірдей орындалады.

1. **BND** пернесін басып, тиісті XM диапазонын таңдаңыз.
2. Қалаған XM арнасын таңдау үшін ▶ немесе ◀ пернесін басыңыз.

3. XM арнасын сақтау үшін 1 - 6 дейінгі радиостанция пернелерінің бірін таңдаңыз, сонан соң осы пернені 2 секундтан көп басып, ұстап тұрыңыз. Растау дыбыстық сигналы XM арнасын таңдалған радиостанция пернесінде сақталғанын білдіреді.

XM арнасы ойнатылғанда, осы XM арнасының сақтау орны (мысалы, P1) дисплейдің жоғарғы сол жақ бұрышында көрсетіледі.

OULXBER,0002A01 -KK-09FEB16-1/1

Сақталған XM арналарын таңдау

1. **BND** пернесін басып, тиісті XM диапазонын таңдаңыз.

2. Қалаған XM арнасын таңдау үшін, 1 - 6 арасындағы тиісті перненің бірін басыңыз.

OULXBER,0002A02 -KK-11FEB16-1/1

XM арнасының санат режимін қосу/өшіру (CAT)

1. **SRC** пернесін басып спутниктік режимге ауысыңыз (XM әлі таңдалмаған болса).
2. **MENU** пернесін **CAT** жазуы көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.

3. **CAT ON** немесе **CAT OFF** тармағын таңдау үшін дыбыс деңгейін басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.
4. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,0002A03 -KK-11FEB16-1/1

XM арнасының санатын таңдау

XM арнасының санаттары (мысалы, POK, ДЖАЗ, ЖАҢАЛЫҚТАР және т.б.) ▼ және ▲ пернелері арқылы таңдалады.

ЕСКЕРТУ: Бағдарлама түрін таңдау үшін CAT функциясы қосылған болуы керек.

- Келесі санатқа өту үшін ▲ пернесін басыңыз.
- Алдыңғы санатқа өту үшін ▼ пернесін басыңыз.

OULXBER,0002A04 -KK-11FEB16-1/1

Перне функциясын орнату (KEY PRG)

XM радио режимінде: ◀ және ▶ пернелеріне келесі функциялардың бірін тағайындауға болады:

CHNSEEK: XM арналарын қадамдап қолмен өзгерту

CHNSCAN: Қазіргі таңдалған XM диапазонындағы қолжетімді XM арналарын сканерлеу

1. **MENU** пернесін **KEY PRG** жазбасы көрсетілгенше бірнеше рет басыңыз.

2. CHNSEEK функциясынан CHNSCAN функциясына немесе кері ауыстыру үшін дыбысты басқару элементін сағат бағытына қарсы немесе сағат бағытымен бұраңыз.

3. Мәзірден шығу үшін, **MENU** пернесін бірнеше рет басыңыз.

OULXBER,0002A05 -KK-11FEB16-1/1

Жүйе ақпараты

XM радио режимінде әртүрлі ақаулықтар орын алуы мүмкін; радио жүйесі сәйкес қате хабарларын

көрсетеді. Сондай-ақ, 50-бөлімдегі "Қате хабарлары және ақаулықтар" мақаласын қараңыз.

OULXBER,0002A07 -KK-09FEB16-1/1

Сипаттамалар

Сипаттамалар

	Стандартты радио	Ықшам дискісі бар стандартты радио	Premium радиосы	Солтүстік Америкаға арналған Premium радиосы
Жұмыстық кернеу	12 вольт	12 вольт	12 вольт	12 вольт
Шығарылым	4 x 20 ватт (4 омдағы синус)	4 x 20 ватт (4 омдағы синус)	4 x 20 ватт (4 омдағы синус)	4 x 20 ватт (4 омдағы синус)
AUX кірісі	2 x 2,0 вольт тиімді	2 x 2,0 вольт тиімді	2 x 2,0 вольт тиімді	2 x 2,0 вольт тиімді
Толқындар ауқымы, NAFTA елдері				
FM	87,7 – 107,9 МГц	87,7 – 107,9 МГц	87,7 – 107,9 МГц	87,7 – 107,9 МГц
AM	530 – 1710 кГц	530 – 1710 кГц	530 – 1710 кГц	530 – 1710 кГц
WX	162,4 – 162,55 МГц	162,4 – 162,55 МГц	Қол жетімсіз	162,4 – 162,55 МГц
Толқындар диапазоны, ЕУРОПА				
UKW (FM)	87,7 – 107,9 МГц	87,7 – 107,9 МГц	87,7 – 107,9 МГц	87,7 – 107,9 МГц
MW	530 – 1710 кГц	530 – 1710 кГц	530 – 1710 кГц	530 – 1710 кГц
LW	153 – 279 кГц	153 – 279 кГц	153 – 279 кГц	153 – 279 кГц
FM жиілік сипаттамасы	30 – 15000 Гц	30 – 15000 Гц	30 – 15000 Гц	30 – 15000 Гц
CD жиілік сипаттамасы	20 – 20000 Гц	20 – 20000 Гц	20 – 20000 Гц	20 – 20000 Гц

Қол жетімді толқындар ауқымы (тюнер жолақтары):

- ЕУРОПА (Еуропа)
- NAFTA (Солтүстік Америка)
- SOTNAMRC (Оңтүстік Америка)
- MESTAFRC (Таяу шығыс және Африка)

- APAC (Азия/Тынық, Жапонияны қоспағанда)
- TAIWAN (Тайвань)
- PHILIPIN (Филиппины)
- AUSTRLNZ (Австралия және Жаңа Зеландия)

OULXBER,0002A08 -KK-09FEB16-1/1

Өнімнің идентификациялық нөмірі және SiriusXM® сериялық нөмірі

Нөмірлерді мұнда жазыңыз:

Осы механик-жүргізуші нұсқаулығында "XM сериялық нөмірін көрсету" мақаласын қараңыз.

Радио үлгісінің атауы (анықтамалық көріністерді қараңыз):

Радионың идентификациялық нөмірі, "XM сериялық нөмірін көрсету" мақаласын қараңыз:

SiriusXM® сериялық нөмірі, "XM сериялық нөмірін көрсету" мақаласын қараңыз

OULXBER,0002A09 -KK-11FEB16-1/1

Қате туралы хабарламалар және ақаулықтар

Спутниктік қабылдау барысындағы қате хабарлары (Солтүстік Америка ғана):	
SATUPDAT	Шифр кодын жаңарту
NO SIGNAL	Сигнал жоқ немесе тым әлсіз. Бұл қате хабары сигнал жеткілікті күшейгенше көрсетіледі.
LOAD SIGNAL	Дыбыс сигналын декодтау сәтсіз; арнаны өзгертіңіз.
OFF AIR	Таңдалған арна хабар таратпайды; арнаны ауыстырыңыз.
CH UNAVL	Таңдалған арна қолжетімді емес; радио жүйесі автоматты түрде алдыңғы арнаға ауысады.
— — —	Ақпарат орындаушысы немесе жолағы жоқ; хабарлама тиісті ақпарат қабылданғанша көрсетіледі.

Радио, ықшам диск және файлды ойнату - ақаулықтар:	
Радио аймақта ешбір станция хабарлау жүргізбейтін жиіліктерге қосылады.	Қабылдағыш аймақта қол жетімді жиілік ауқымына орнатылуы тиіс. Радионы дұрыс жиілік ауқымына орнату үшін, John Deere™ дилеріне жолығыңыз.
AUX дыбыс көзі қолжетімсіз.	AUX көзі тек енгізу құрылғысы тиісті портқа жалғанған кезде ғана көрсетіледі. Ақаулықтар туындаған жағдайда, енгізу құрылғысындағы қосқышты және штепсель айырлары мен кабельдерді тексеріңіз.
Дыбысталу сапасы Bluetooth® автоматты құрылғысын пайдаланғанда нашар.	Ауа жалюзилері желдеткіш ауасын микрофонға қарай бағыттамай тұрғанына көз жеткізіңіз. Телефон батареясының қуаты тым төмен, зарядтағыш кабелін жалғаңыз. Bluetooth® құрылғысының дыбыс деңгейін арттырыңыз. Bluetooth® құрылғысының эквалайзерін қосыңыз (жабдықталған болса).
BLOCKED хабарламасы	Ешбір дыбыс жаңғырту мүмкін емес. Радио рұқсат етілмеген пайдаланудың алдын алу үшін құлыпталған ("ұрлыққа қарсы" белсенді). Радионы құлыптан шығару үшін, John Deere™ дилеріңізбен жолығыңыз.
CD ERROR хабарламасы	Салынған ықшам диск ақаулығы. Ықшам дискіде сызаттар бар, файл жүйесі ақаулы немесе оқылмайды.
DEF ERR хабарламасы	USB құрылғысының ақаулығы. Файл пішімі қате. USB құрылғысы үйлесімді емес

OULXBER,0002A0A -KK-11FEB16-1/1

Сәйкестік туралы декларация

Robert Bosch Car Multimedia GmbH компаниясы төменде көрсетілген радиоқұрылғылардың түрлері 2014/53/EU (VII қосымшасы) директивасының талаптарына сай келетінін мәлімдейді.

- John Deere Base 1 АҚШ (Стандартты радио)
- John Deere Base 3 АҚШ/ЕО (Ықшам дискісі бар стандартты радио)
- John Deere Base 4 ЕО (Premium радиосы, ЕО)
- John Deere Base 4 АҚШ (Солтүстік Америкаға арналған Premium радиосы)
- John Deere Base 5 (Ықшам дискісі жоқ Premium радиосы, АҚШ)

Сәйкестік жөніндегі ЕО декларациясының толық мәтінін мына мекенжайдан таба аласыз:

<http://cert.bosch-carmultimedia.net>

Тиісті елге арналған 2014/53/EU декларациясының толық мәтіні:	
Ел	Директива
Эстония	2014/53/EL
Литва Латвия	2014/53/ES
Австрия Чех Республикасы Германия Дания Финляндия Біріккен Корольдік Хорватия Венгрия Ирландия Нидерланды Швеция Словакия	2014/53/EO
Бельгия Испания Франция Италия Люксембург Мальта Польша Португалия Румыния	2014/53/UE
Кипр Грекия	2014/53/
Болгария	2014/53/EC

Bluetooth® сипаттамалары

Жиіліктер диапазоны	2400 МГц - 2480 МГц
Сәулеленген қуат (EIRP)	Bluetooth® < 10 мВт
Кеңестер/шектеу	Ішкі Bluetooth® антеннасы кіріктірілген

Bluetooth – Bluetooth SIG компаниясының сауда белгісі

OULXBER,0002C51 -KK-25APR17-1/1

Көрсеткіш

Бет	Бет
А	Р
Алдыңғы/артқы жақтағы дыбыс деңгейінің таратылымын баптау 10-4	Радио жарықтандыруының жарықтығын баптау 10-3
Аудио файлдарын Bluetooth® арқылы тасымалдау 40-4	Радио қабылдағышын орнату 15-1
Б	Радио қабылдауы, негізгі параметрлер 05-1
Бағдарлама түрі 15-5	Радио қабылдауының негізгі параметрлері 05-1
Байланыс түрін таңдау (CON-TYPE) 40-2	Радио режимін іске қосу 15-2
Байланысу үшін Bluetooth® құрылғысын таңдау 40-2	Радионың дыбысын өшіру 10-3
Д	Радиостанцияны баптау 15-3
Дыбыс деңгейін баптау 10-3	Радиостанцияны сақтау 15-3
Дыбыс қаттылығын қосу/өшіру 10-5	Растау дыбыстық сигналын қосу/өшіру 10-4
Дыбыс параметрлерін қалпына келтіру 10-5	С
Дыбысты баптау 10-4	Сақталған радиостанциялар, таңдау 15-4
Е	Сақталған радиостанцияларды таңдау 15-4
Елге тәуелді параметрлер 15-1	Сақталған радиостанцияларды шақыру 15-4
Ж	Сақталған радиостанцияларды іздестіру (PRSTSCAN) 15-4
Жол қозғалысы туралы ақпарат 20-1	Сақталған ХМ арналарын таңдау 45-2
Жолақ ақпараты, жылжыту функциясын ҚОСУ/ӨШІРУ 35-3	Сипаттамалар 50-1
Жолақ ақпаратының көрсетілімі 35-3	Сол/оң жақтағы дыбыс деңгейінің таратылымын баптау 10-4
Жолдағы қауіпсіздік 05-1	Спутниктік қабылдау, бағдарлама түрін таңдау (санат) 45-2
Жұмыстағы қауіпсіздік 05-1	Спутниктік қабылдау, ХМ арналарын таңдау 45-2
Жылжымалы жолақ ақпаратын қосу/өшіру 35-3	Спутниктік қабылдау, ХМ сериялық нөмірі 45-1
К	Сыртқы аудио көздері 25-1
Кедергіге ұшырау барысында дискантты бәсеңдету (HCUT) 15-5	Т
Қ	Толқын диапазонын/жад деңгейін таңдау 15-2
Қолжетімді радиостанцияларды сканерлеу 15-4	Ы
Қоңырауларды қабылдау және жасау, Bluetooth® .. 40-3	Ықшам диск режимі, жалпы ақпарат 30-1
Қосқандағы максималды дыбыс деңгейін баптау .. 10-4	Ықшам диск режимін іске қосу 30-1
Қосу/өшіру 10-3	Ықшам диск, MP3 каталогы 35-1
М	Ықшам дискіден MP3 режимін іске қосу 35-2
Музыка файлдарын ойнату	Ықшам дискімен жұмыс істеу (ойнату функциясы) 30-2
MP3 35-1	Ықшам дискіні шығару 30-1
WMA 35-1	І
П	Іздеу сезімталдылығы 15-3
Перне функциясын орнату (KEY PRG) 15-5	Іздеу функциясы, сезімталдылық 15-3
	В
	Bluetooth® белсендіру (BT MODE) 40-2
	Bluetooth® орнату 40-1
	Bluetooth®, аудио файлдарын ойнату (BT AUDIO) .. 40-4
	Bluetooth®, дерек тасымалы 40-3
	Bluetooth®, қоңырауларды қабылдау және жасау .. 40-3

Келесі бетте жалғасады

	Бет		Бет
Bluetooth®, құрылғыларды жұптастыру (BT-PAIR)	40-2	U	
Bluetooth®, телефон деректерін тасымалдау және зерттеу (дерек тасымалы)	40-3	USB дерек тасығышын жасақтау	35-2
M		W	
MP3 немесе WMA файлдарын ойнату	35-4	WMA, ықшам диск жұмысы (жалпы ақпарат).....	35-1
MP3 режимін іске қосу, USB дерек тасығышы	35-2	X	
MP3 ықшам дискін жасақтау	35-1		
MP3, ықшам диск жұмысы (жалпы ақпарат)	35-1		
MP3, ID3 тегтері	35-2	XM арналары, сақталған арналарды таңдау	45-2
MP3, USB дерек тасығышы.....	35-2	XM радио режимі	45-1
R		XM сериялық нөмірі, көрсету	45-1
		XM сериялық нөмірін көрсету	45-1
RDS функцияларын қосу/өшіру	15-2		
S			
SiriusXM™ радиосы, жалпы ақпарат	45-1		

